



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ТІРЕГІ – ЗАҢ



Тәуелсіздік – бір сәттік шешім емес. Ол күн сайын қабылданған заңмен, Парламент мінберінде айтылған жауапты сөзбен, халық алдындағы адал міндетпен қайта-қайта дәлелденіп отыратын тарихи жауапкершілік.

(Жалғасы 8-бетте)

ТАРИХ – ТАҒДЫР

ШЫРҒАЛАНДА ШЫҢДАЛҒАН ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ

Биыл, жетпіс жыл бойы үстемдік еткен Орталық комитеттің озбыр саясатының көбесін сөккен Желтоқсан бұлғағына 39 жыл толып отыр. Сол бір ақ қар, көк мұзға қанмен сіңген тарихты ойға алғанда, жүрек түкпірінде тұнып қалған көптеген оқиғалар көлкіп шыға келеді.

Ұлт тағдыры таразыға тартылған сол бір ызғарлы күндерді ұмыту мүмкін бе?!

Ақиқатын айтар болсақ, Желтоқсан – тек Қонаевтың орнынан алынып, Колбиннің тағайындалуына қарсы туған тосын реакция емес. Желтоқсан көтерілісі – аяқ астынан туған толқу деу қате түсінік. Бұл – қазақ халқының ғасырлар бойғы ашу-ызасының, отарлық саясатқа қарсы наразылығының соңғы жарылысы болатын. Рас, Алаш баласы отарлау саясатына сан мәрте қарсы тұрды, ел мен жердің теңдігі үшін талай мәрте атқа қонды. Тіпті сонау Мұрат Мөңкеұлының:

«Еділді келіп алғаны, Етекке қолды салғаны...» – деген жолдарынан да осыны көреміз.

Талай тар жол, тайғақ кешуде ұлттың жартысы қырылды, қаншасы босып кетті. Бірақ қазақ ешқашан өзін жоғалтпады. Ата-бабамыздың асыл арманы – тәуелсіздікке жету жолында «мың өліп, мың тірілді!». Өткен ғасырдың 30-жылдарының өзінде қылышынан қан тамған қызыл империяға қарсы қазақ даласын шарпыған 300-ден астам көтеріліс осының нақты дәлелі болса, Желтоқсан – осы азаттық күрестерінің заңды жалғасы болатын.

«Мені жазалаңыз. Басқаларға тиіспеңіз!»

Бұл – бодандықтан бостандыққа бастар қақпа болды. Қазақ халқының қай көтерілісін алсаң да, барлығының өзегінде тәуелсіз ел болсақ, өз билігіміз өз қолымызда болатын жеке-дара мемлекет болсақ деген ұлы арман жатты. Желтоқсан сол рухтың ең соңғы, ең өткір нүктесі. Ол тек Алматыны ғана емес, Жезқазған, Қарағанды, Арқалық, Көкшетау, Павлодар, Жамбыл, Талдықорған секілді қалаларды, Сарқант, Шелек, Сарыөзек сияқты елді мекендерді де шарпығанын көпшілік біле бермейді. Қызыл империя бұл дүмпуді «қазақ ұлт-шылдығының көрінісі» деп бағалап, жастарды аяусыз қудалады.

(Жалғасы 2-бетте)

ТӘУЕЛСІЗДІК – ТАБАНДЫ КҮРЕС, РУХАНИ БІРЛІК ЖЕМІСІ

Құрметті оқырмандар, қадірлі әріптестер!

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан Сіздерді еліміздің ең қастерлі мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтаймын! 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң – халқымыздың ғасырлар бойғы арман-аңсарының ақиқатқа айналғанын айқындаған тарихи шешім болды. Бұл күн еліміздің еркіндігі мен егемендігін әлемге жария еткен, өз тағдырын өзі айқындауға бел буған халықтың жаңа дәуірге қадам басқан сәті ретінде ел жадында мәңгі сақталады. Тәуелсіздік – бұл халқымыздың табанды күресінің, маңдай терімен келген адал еңбегінің, рухани бірлігінің жемісі.

Тәуелсіздікке жету жолы оңай болған жоқ. Ол сан ғасырлық тарихтың, рухани ізденістің және жанқиярлық күрестің нәтижесі. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы – жастардың әділдік пен еркіндік жолындағы батыл қадамы, ұлттық сананың қайта жаңғыруының айқын көрінісі. Бұл тарихи кезең тәуелсіз, қуатты мемлекетті қалыптастыруға жол ашып, халқымыздың рухын асқақтатты. Мұны ұмытпау – әрбіріміздің азаматтық парызымыз.

Тәуелсіздік ұғымы тек саяси дербестікпен шектелмейді. Ол мәдениеттің дамуын, рухани жаңғыруды, әлеуметтік әділеттілікті және экономикалық өсуді қамтитын кең әрі терең мағынаға ие. Осы бір қасиетті ұғымның астарында елдің әлауқаты, жас ұрпақтың болашағы және мемлекеттің әлемдік қауымдастықтағы орны жатыр.

Мемлекет басшысының басшылығымен елімізде барлық салада ауқымды реформалар жүзеге асырылып, Қазақстан халықаралық аренада беделі бар мемлекетке айналды. Күрделі жаһандық сын-қатерлерге қарамастан, еліміз экономика мен қоғамдық-саяси өмірде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Бұл табыстардың берік негізі – қоғамдағы тұрақтылық, халықтың ауызбіршілігі мен өзара түсіністігі екені сөзсіз.

Бүгінде Қазақстан көптеген мемлекеттермен тату көршілік және достық қатынас орнатып, халықаралық ұйымдар шеңберінде белсенді ықпалдастық жүргізуде. Еліміз жаһандық бастамаларға қатыса отырып, бейбітшілік пен келісім идеясын берік ұстанып келеді. Қазақстандықтардың еңбегі мен кәсіби әлеуеті әлем жұртшылығы тарапынан жоғары бағалануда.

Тәуелсіздікке қол жеткізу – бір күндік қуаныш емес, ол үздіксіз еңбек пен жоғары жауапкершілікті талап етеді. Егемен елдің әрбір азаматы мемлекет дамуына өз үлесін қосуға міндетті. Отанға деген сүйіспеншілік пен адал қызмет – тәуелсіздікті нығайтудың басты кепілі. Бұл – барша халқымызға ортақ әрі қасиетті құндылық. Осы орайда елдің тұрақты дамуын қамтамасыз етуде, заң үстемдігін орнықтыруда сот жүйесінің алатын орны айрықша. Әділ әрі тәуелсіз сот төрелігі – құқықтық мемлекеттің өзегі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді тетігі.

Тәуелсіздік – бізге аманат болып табысқан баға жетпес мұра. Оны сақтау және нығайту – келешек ұрпақ алдындағы қасиетті борыш. Ол үшін әрқайсысымыз кәсіби қызметімізде адалдық пен жауапкершілік танытуымыз қажет. Тәуелсіздіктің 34 жылдығы – өткен жолымызды бағамдап, болашаққа нақты мақсат қоюға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Ел бірлігі мен қоғамдық келісім – мемлекеттің ең басты тірегі. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз мығым болғанда ғана тәуелсіздігіміз мәңгілік болмақ.

Құрметті оқырмандар мен әріптестер! Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, қызметтеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық, ал заңдылық пен әділдікті нығайту жолындағы абыройлы еңбектеріңізге үздіксіз жетістік тілеймін. Егемендігіміз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

4-бет



Ғылым мен өндіріс үндестігі

6-бет

Тлеуберген
КӨНЕКБАЕВ,
Абай облыстық
ҚАЖ департаменті
бастығының
орынбасары:

«Кәсіби
мереке
құрметтің
белгісі»



8-бет



Цифрлық шешімдер – аграрлық саясаттың қолжетімді тетігі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы саны 33 мыңнан астам адам жапа шекті. Міне, солардың бірі хәм бірегейі, осы Желтоқсан көтерілісіне тұтастай дерлік қа-тысқан ҚазМУ-дің журналистика факультетінің 1 курс студенттері болатын.

Желтоқсан десе, менің көз алдыма журналистика факультетіне жаңадан түскен – 1 курс студенттері келеді. Біз бұғып қалмадық. Алаңға бардық. «Қазақстан тәуелсіз мемлекет болсын! Қазақстанды қазақ басқарсын!» – деп ұрандаттық. Алаңдағы аласапыран қақтығыстың қақ ортасында жүрдік. Кейін, біздің ішімізден төрт студент – мен Сейсен Әмірбекұлы, Нұрымжан Мауытов, Фазиз Тастаев және Гүлмира Сұлтаналиева – қамауға алындық. Әрқайсымыз 7-10 тәуліктен абақтыда отырып шықтық. Бірақ темір торлы есік пен терезе біздің рухымызды мұқалта алмады.

Қаншама ескертулер алып жатсақ та, тар қапастың өзінде түн сайын «Менің Қазақстаным» мен «Атамекен» әндерін хормен айтып, өз-өзімізді жігерлендіретінбіз. Сырттағы тылымыз да берік. Қысқы каникулға ауылына кетпей қалған алаңда бірге жүрген курстас құрбымыз, Нұрымжанның дос қызы, бүгінде өмірлік жары бізге күнделікті тамақ пен керек-жарағымызды тасумен болды. Бірде тіпті,



тартылып жатқан тұста, рухы биік азамат екендерін көрсете білді! Мойымады!

«Ешқашан ұмытылмайды»

Бір түн «айықтырғышқа» түнеп шыққан студент тұрмақ, болмашы ғана қателіктер үшін автоматты түрде оқудан шығарылатын заманда, мынадай айыппен, неше күн түрмеге жатып келіп оқудан шықпай аман қаламыз деген ой бізде болған да жоқ еді. Бірақ, біздің бағымызға орай сол кездегі Журналистика факультеті деканының орынбасары, марқұм Әбілфайыз Ыдырысов пен факультет комсомол ұйымының жетекшісі Әміржан Қосанов ара түсіп, бізді соңына дейін қорғай білді. Мұны да ешқашан ұмытуға болмайды! Ұмыта да алмайсың!

Сондай-ақ, қаймықпастан алаңға барып, қазақтың намысын қорғаған барша курстастарымды Желтоқсан батырлары десем, артық айтқаным емес. Шындығында, журналистика факультетіне сол жылы түскен қыз-жігіттердің бәрі мықты еді. Мықтылығы жұдырықтай жұмылғанында да емес, «Отаным, жерім, елім» деген сөзді жүрекпен сезінуінде. Желтоқсан бізді ғана емес, бүкіл ұрпақты оятты, тәрбиеледі. Иә, небір қорқынышты да, қуғын-сүргінді де көрдік. Стипендиядан қағылды. Жатақханадан аластатылды. Тіпті, 1989 жылға дейін «карандаштың ұшында» тұрдық. Андуда жүрдік. Бірақ бұл көтеріліс бізге еңсемізді көтеруді, қашанда ұлт намысын жоғары ұстауды үйретті.

Сонысымен де Желтоқсан – біз үшін үлкен мектеп болды. Ерлік мектебі. Азаматтық мектебі. Адам тану мектебі. Бүгінде желтоқсанның ызғарлы күндері ұлт намысын қорғаған Нұрымжан Мауытов белгілі журналист, жазушы. Фазиз Тастаев журналистика мен кәсіпкерлікті қатар алып жүрген абадан азамат. Гүлмира Сұлтаналиева қарындасымыз журналистикасын дипломатиямен ұштастырды. Ал, Ормаш Мырзағалиев өзінің журналистік өмірін радио мен телевидениеге арнаған. Өкініштісі, бұл күні ортамызда батыр бауырымыз жоқ. Жатқан жері жайлы болсын! Қай жылы, Фазиз досы бір топ желтоқсаншыны ертіп апарып, өз қаржысына Ормаш оқыған мектеп қабырғасына ескерткіш тақта орнатып қайтты. Батыр достың рухына тағзым ретінде достыққа ескерткіш қойды! Бұл да ерлік!

Міне, содан бері арада 39 жыл өтіпті. Нұрымжанмен достасқаным тура қырық жыл! Сол күндердің мұзға жаққан алауы – менің ғана емес, тұтас бір буынның жүрегінде өшпестей із қалдырды.

Ол алау бізді әлі жылытып келеді...

Сейсен ӘМІРБЕКҰЛЫ, ақын, журналист

ШЫРҒАЛАҢДА ШЫҢДАЛҒАН ШЫНАЙЫ ДОСТЫҚ

батыр Бауыржан атамның келіні Зейнеп апамыздың арнайы беріп жіберген дәмін жеткізіп, тар қапаста отырып бөліп жер бақыты да бұйырған. Бұйрық деген сол! Әрбір істің бір қайыры болады деген де сол екен... Себебі батырдың немересі Ержан Момышұлы біздің курстасымыз болатын.

Алғашқыдай емес, ептел етіміз де үйрене бастады ма, әлде, енді не болса да дайынбыз дегеннен бе, білмеймін, бәрі реттеліп келе жатқандай көрінген. Бірақ абақтыдан шыққан соң да қудалау тоқтамады. Қысқы сессияға жіберілмеді. Факультетте үлкен жиналыс өтіп, бізді оқудан шығару туралы мәселе көтерілді.

Болмашы ғана бір үміттің бозаңдау көлеңкесі болмаса, бұл жерден аман шығамын деп ешкім де күтпеген. Ойлағанымыздай жиналыс тағдырымызды шешетіндей тым ауыр басталды. Алдымен менің мәселем қаралып, мені оқудан шығарылсын деген ұсыныс түсті. Сол сәтте қатарымыздағы Нұрымжан Мауытов орнынан тік тұрып:

– Әу баста курсты алаңға мен бастап бардым деп мойындағанымды бәріңіз де білесіздер. Мен сол сөзімді тағы да қайталаймын.

Егер біреуді оқудан шығару керек болса, онда мені шығарыңыздар! Сейсеннің еш кінәсі жоқ! Басқа балаларға да тиіспеңіздер, – деген күйі аудиториядан шығып жүре берді. Соңынан: «Мауытов, кері қайт!» деген ескертулерге бұрылып та қарамады.

Бұл – көзсіз ерлік еді. Бұл – азаматтық еді. Бұл – досқа деген адалдықтың биік үлгісі болатын!

«Дос жылатар, дұшпан күлдірер» деген де осы болар?! Ер сыналар сәтте айтылған осы бір ауыз сөз Нұрымжанның кім екенін, қандай жүректен жаратылғанын анық көрсетті және бұл дауыс менің құлағымнан ешқашан кетпек емес!

Тағдырымыз талқыға түскен университеттің «үлкен комсомолы» ұйымының алдыңғы жиналысында курсты қорғап қалу үшін, бар күнәні мойнына алған Нұрымжанмен бірге тағы бір курстасымыз бас көтерген. Қызыл империяның қырына ілігемін деп жасқанбастан, өз ойын ашық айтты. Ол әлі он сегізге де толмаған бауырымыз Ормаш Мырзағалиев болатын. Ол да: Курсты бастап апарған мен-

мін! – деп орнынан тұрған. Кейін сотта Ормаш та түрмеге кесілген. Бірақ жасы толмай қалғандықтан ғана, темір тордан аман қалды. Әйтпесе, қатарымыздағы бесіншіміз болып, бізбен бірге отыратыны анық еді.

«Жігіттің жақсысы – жолдасынан белгілі». Біз үшін сол жолдастықтың шыңы – дәл осы екі азаматтың ерлігі! Қара басын арашалап алу үшін қарындасымыз Гүлмира Сұлтаналиева бізбен бірге отыратыны анық еді. «Мен бастадым! Мені жазалаңыз. Басқаларға тиіспеңіз!» дей алу. Осындай ерлікті ұмытуға бола ма? Әрине, жоқ! Ол еш мүмкін де емес қой!

Бұл жерде кеше ғана мектеп партасынан шыққан жас өскін Фазиз Тастаев пен қыз да болса әміршіл биліктің қаһарына төтеп берген қаршадай қарындасымыз Гүлмира Сұлтаналиева да бар. Әлбетте, Нұрымжан Мауытов пен осы жолдардың авторы мен – Сейсен Әмірбекұлы Отан алдындағы парызымызды өтеп келіп оқуға түскен, біраз өмір көріп, сақайып қалған жандар болсақ, Фазиз, Ормаш, Гүлмиралар мектеп қабырғасынан сол жылы ғана шыққан жас өскіндер еді. Солай бола тұрса да, елі мен жерінің, ұлтының тағдыры безбенге

ЕРКІНДІК ТАҒЫЛЫМЫ – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Болашақ ұрпақ елінің тарихын терең білетін, тәуелсіздіктің қандай күрес пен құрбандықтың нәтижесінде келгенін саналы түрде түсінетін азамат болуы тиіс. Тарихты білу – өткеннен сабақ алып, қателікті қайталамаудың басты кепілі.

Тәуелсіздік – қазақ халқының сан ғасырлық арман-тілегінің орындалуы, елдігіміздің ең қастерлі құндылығы. Осы ұлы мереке қарсаңында Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ мамандандырылған музыка мектеп интернатында мектепшілік бірнеше іс-шара өтті. Соның бірі «Тәуелсіздік таңы» атты іс-шара. 4 «А, Ә» сынып жетекшілері Гүлбараш Жәкішева мен Жұлдыз Нұрділдаева екі сынып балаларын Желтоқсан мен Сәтбаев көшесінің қиылысындағы «Тәуелсіздік

таңы» монументіне арнайы алып барып, Тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтарды еске алып тағзым етті. Оқушылар ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойды. Бұл – жас буынның ел тарихына деген құрметі мен ұлт еркіндігі үшін жанын қиған боздақтарға арналған алғысы болатын. Сондай-ақ, монумент жанында оқушыларға тәуелсіздік тарихы туралы мол мағлұмат беріліп, ескерткіштің символдық маңызы түсіндірілді. Осы шараның ерекше сәттерінің бірі – Желтоқсан

көтерілісінің ардагерлерімен кездесу болды. Желтоқсаншы Санатбек Мамырбаев 1986 жылғы көтеріліс күндерінің куәгері ретінде оқушыларға сол бір қиын-қыстау кезеңдегі жастардың ерлігі, әділдік үшін күресі жайлы әсерлі әңгімелер айтты. Балалар ардагерлерге қызықтырған сұрақтарын қойып, еліміздің жетістіктері мен тәуелсіздіктің құндылығы жөнінде өз ой-пікірлерін білдірді және батыр аталарынан рухани тәлім алды.

Бұл кездесу оқушылардың бойында ел тарихына деген құрметті арттырып қана қоймай, ерлік, батылдык, отансүйгіштік туралы терең түсінік алып, тәуелсіздіктің оңай келмегенін сезіндірді. Оқушылар, сонымен қатар, Алматы қаласындағы Қазақстан

Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайына барып, тарихи жәдігерлермен танысты. Экскурсия барысында олар ежелгі дәуірден бастап Тәуелсіз Қазақстанға дейінгі тарихты көріп, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүр туралы мол мағлұмат алды. Бұл танымдық сапар оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттырып, тарихқа деген қызығушылығын оятты. Іс-шараның мақсаты – жас ұрпақтың бойында ұлттың, тіліне деген сүйіспеншілікті арттыру, тарихты құрметтеуге тәрбиелеу және Тәуелсіздік күнінің мәнін ашу. Балалар көкейлеріне көптеген әсерлі ой түйіп, еліне деген құрметпен оралды. Тәуелсіздік – ұлттың ұлы мұраты. Оны қастерлеу – әрбір қазақстандықтың міндеті!

Гүлбараш ЖӘКІШЕВА, Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған мектептің ұстазы, Желтоқсан ардагері

Дос КӨШІМ, қоғам қайраткері, «Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі:

САНАНЫ ҚОЗҒАҒАН КӨТЕРІЛІС

Қарусыз болғанына қарамастан, 1986 жылғы Желтоқсан толқуын, толыққанды халықтық көтеріліс деп бағалауға негіз бар. Себебі, бұл наразылық өз деңгейі мен ауқымы жағынан жәй оқиғаның көлемінен әлдеқайда жоғары тұрды. Ол халықтың ішкі толқуын ашық түрде көрсету арқылы, саяси сана-сезімнің оянуына ықпал еткен маңызды тарихи кезең болды.

Желтоқсан көтерілісінен кейін бұл халықтық қозғалыс 1989 жылғы Жаңаөзен қаласындағы жүйедегі әділетсіздікке жергілікті халықтың бас көтерген қарсылығымен сабақта-сып жалғасын тапты. Аталған оқиғалар бір-бірімен өзара шендесе халықтың саяси белсенділігін арттырды. Осы тұрғыдан алғанда, 1991 жылы Қазақстанның Тәуелсіздікке қол жеткізуіне бұл қозғалыстар белгілі бір деңгейде рухани күш бергенін жоққа шығаруға да болмас.

Халық арасында «тәуелсіздікке Желтоқсан оқиғасының арқасында жеттік» деген пікір жиі кездеседі. Алайда, бұл тұжырымды біржақты қабылдау да қиын. Дегенмен, Желтоқсан көтерілісінің халық санасын қозғалтқаны, тәуелсіздік идеясына жол ашқаны, қазақ халқының еркіндікке деген ұмтылысын күшейткені анық.

Желтоқсан көтерілісі халыққа жігер бергенімен, тәуелсіздікке бірден қол жеткізілген жоқ. Қазақстанның егемендік алу сәті, одақтағы басқа елдерге қарағанда ең соңынан жүзеге асқаны да рас. Бірақ бұл жағдай халықтың емес, сол кезеңдегі билік жүйесінің саяси ұстанымдарына байланысты болды.

Желтоқсан көтерілісі Кеңес Одағының бірден ыдырауына тікелей себеп болмаса да, оның тарихи маңызы зор. Ең бастысы, бұл көтеріліс тоталитарлық жүйенің биліктің шешіміне ашық қарсылық білдіруге болатындығын көрсетті. Қазақстандағы осы көтерілістен кейін Бакуде, Вильнюста, Ригада және басқа да Балтық жағалауы елдерінде халықтық қарсылықтар біртіндеп күшейе түсті. Ақырында бұл қарсылықтар Кеңес Одағының ыдырауына әкеліп, көптеген елдердің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына жол ашты.

Желтоқсан көтерілісі — қазақ халқының тарихи жадында еркіндікке ұмтылған рухтың, ұлттық сананың оянуының айқын көрінісі болып қала береді.



ҚАЗАЛЫ ҚАҒАРМАНЫ ЖЕЛТОҚСАН РУХЫН ӨШІРМЕГЕН ЕР

Қазақ тарихындағы азаттыққа ұмтылған ең жарқын да ең ауыр белестердің бірі – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі. Бұл дүмпуге мыңдаған жастың жүрегінің оты, өр рухы, әділетке деген талабы себеп болды. Сол өршіл жастардың қатарында Қазалы топырағында туып-өскен Бақыт Серікбайұлы Байниязов та бар еді.

Ол 1965 жылдың қыркүйегінде Қазалы ауданының Қазақстанның 40 жылдығы совхозында дүниеге келген. Болашақ елжанды азамат осы ауылдағы Ленин атындағы 94-орта мектепте тәлім алады. Одан кейін Қазалыдағы СПТУ-34 училищесінде білімін жалғастырып, еңбек жолына қажетті алғашқы тәжірибесін қалыптастырады.

1983–1985 жылдары Совет Армиясы қатарында борышын өтеп, тәртіп пен қайсарлықтың мектебінен де өтті.

Содан, 1986 жылы Алматы Малдәрігерлік институтына (АЗВИ) оқуға түсіп, студенттік өмірінің алғашқы жылын бастайды. Алайда, бұл жыл оның өміріне өте үлкен өзгешеліктер әкелерін әлі сезбеген еді.

Желтоқсанның ызғарлы күндерінде алаңға жиналған мыңдаған қазақ жастарының арасында болып алаңдағы ащы шындықты, жастардың әділдікке деген талабын, ұлттық намыстың лапылдап тұрған сәтін өз көзімен көрді.

Міне, сол бейбіт шегеуге қатысқандар жаппай айыпталып, жазықсыз жазаға тартылды. Алаңдағы арпалыста ұсталған жас жігітті Совет аудандық ішкі істер бөліміне жеткізеді. (Бүгінгі Алматы ауданы) екі күн бойы түсініксіз тергеу мен соққының азабын көрген,

бөлімнің суық дәліздері оның есінде әлі күнге дейін жаңғырып тұрады.

Артынан оның ісі Калинин аудандық сотында қаралып (бүгінгі Бостандық ауданы), оған 10 тәулік қамалға алуға әкімшілік жаза тағайындалды. Осылайша, студенттік өмірдің жарқын беттерін күңгірт шалды.

Жазасын өтеп шыққанымен, оның тағдырына түскен көлеңке ары қарай қоюлана түскен. Оқудан, комсомол қатарынан шығару туралы бұйрықпен бірге ол «Алматыға бес жыл келмеймін» деген кепілхатқа қол қоюға мәжбүр болады. Қалаға жолы кесілген жас жігіт, туған жері Қазалы ауданына қайтады.

Жазықсыз жаза оның отбасына да зауалын тигізді.

Оның бұлай жапа көруі Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, ауданның қадірлі азаматы әкесінің жүрегіне ауыр тисе, Қазалы аудандық райсовезде басшылық қызметте болған туған ағасын партиядан, қызметінен босатады.

Ақиқат жолындағы азаматтық ұстаным

Мұхтар Шахановтың бастамасымен Желтоқсан оқиғасының шындығын ашу мақсатында құрылған комиссияның қолдауымен 1986 жылы оқудан шығарылған студенттердің оқуын қайта жалғастыруы үшін ауқымды жұмыстар атқарылды. Бұл игі істің нәтижесінде көптеген жастар тағдыр тауқыметінен арылып, білім жолына қайта оралу мүмкіндігіне ие болды.

Осы мақсатта 1989 жылы Қазалы



қаласында жүрген Байниязовқа да арнайы шақырту хаты жолданады. Аталмыш хаттың арқасында ол үш жылдан кейін

Сәбденовке ресми хат жазып, Байниязовтың оқуын қайта жалғастыруына тікелей себепкер болады.

Кеңес Одағының қылышынан қан тамып тұрған сол бір күрделі кезеңде ел алдындағы осындай азаматтардың жасаған ісі – ұлт мүддесін қорғаған нағыз ерлік пен азаматтықтың айқын көрінісі еді. Олардың шапағаты сол жылдары қудалауға ұшыраған көптеген студент жастарға үміт пен демеу болды.

Нәтижесінде Байниязов институтқа қайта қабылданып, оқуын ойдағыдай аяқтап, дипломын алды. Жоғары білімді жас маман ретінде Алматы облысы Талғар ауданы Ильич колхозына арнайы жолдама-

Алайда 86-жылғы желтоқсандағы аудандық ішкі істер бөліміндегі күндер оның денсаулығына ауыр зақым келтірді. Қанша емделсе де, жарақаттың салдары оны әлі күнге дейін мазалап келеді. Бірнеше рет ауруханаға түсуі, дәрігерлердің тұрақты бақылауында болуы – сол бір зауалды күндердің көлеңкесін әлі сейілтпегенін көрсетеді.

Өзін ауылда жүрген жылдарында да Алматыдан арнайы келген Қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері тексеріп тұрады.

Солдай бүкіл жанұясы сол кезеңнің саяси қысымын сезінуге мәжбүр болады.

Алматыға қайта келіп, комиссия мүшелері – Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырзалиев және сол кездегі ҚР Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовтың қабылдауында болады. Қабылдау барысында аталған азаматтар сол кездегі АЗВИ-дің ректоры Қалдыбек

«ҚОС ТАҒАН: КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН РУХЫ»

Ұрпақ тәрбиесі мәселесінде отбасы, мектеп және қоғамның рөлі айрықша. Соның ішінде мектеп оқушыларына – біліммен қоса еңбекқорлықты дәріптеп, елге, ұлтқа қызмет етуде өз пікірін ашық айтар батылдықты, адалдықты, сонымен қатар әр істі жауапкершілікпен атқарар іскерлікті үйрету қажет. Осындай қасиеттермен қаруланған жас буын аталар аманаты – тәуелсіздікті сақтап қана қоймай, оны нығайта түсері хақ.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Алматы ауданындағы №167 жалпы білім беретін мектепте «Тәуелсіздіктің қос тағаны: Конституция және Желтоқсан рухы» тақырыбында тағылымдық семинар-сұхбат өткізілді. Іс-шараға мектеп директоры Ғалия Нәлібаеваның, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Нұрсұлу Анарбайқызы мен Нұрзия Құлжабаевалар мұрындық болды. Бұл бас қосудың негізгі мақсаты – ел тарихындағы ең қастерлі ұғымдар: тәуелсіздіктің тұғыры саналатын Конституция құндылықтарын және Желтоқсан оқиғасының өр рухын ұштастыра отырып, азаттықтың мәнін жас ұрпаққа тереңірек түсіндіру болды.

Қазақ халқының ғасырлар бойы

армандаған азаттығы – бір күнде келген жеңіс емес. Сол егемендіктің берік іргесін қалаған ҚР Конституциясы – мемлекетіміздің негізгі тірегі, құқықтық және саяси тұғырнамасы. Семинар барысында осы құндылықтар кеңінен талданып, тәуелсіздіктің мәні жас буынға жан-жақты түсіндірілді.

Тағылымды шараға еліміздің белгілі тұлғалары мен сала мамандарының және қала мектептерінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен аға тәлімгерлері шақырылды.

Қонақтар қатарында: Нұрлан Сүйінов – желтоқсаншы, журналист, «Тәуелсіздік 1986 Желтоқсан» ұйымы төрағасының орынбасары, Нұрымжан Мауыт – энциклопедия-

шы, жазушы, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы, Ғани Меңлібаев – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, тарихшы ғалым, Қазыхан Ахатұлы – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Құрмет орденінің иегері, профессор, қоғамдық ғылымдар академиясының академигі, Эльнура Кишкенебаева – Алматы қалалық адвокаттар алқасының адвокаты, Дашу Аманжол – аудандық білім бөлімінің басшысы, Рая Ескендір – «Алматы ақшамы» газетінің тілшісі болды.

Қонақтар тәуелсіздік, елдік, рух, бірлік ұғымдарын жан-жақты талдап, оқушыларға өнегелі ойларын жеткізді.

Шара аясында «Тәуелсіз елім – еркіндіктің жыры» атты әдеби-сазды кеш өтті. Ән мен жыр, күй мен терме, толғаныс пен тағылым тоғысқан бұл кеш тәуелсіздіктің рухын сезіндіре түсті.

Кештің әрбір сөзі мен әрбір әуені – елдікке үндеу, болашаққа сенімнің лебін таратты.

Семинар соңында «Тәуелсіздік таңындағы тағылым» атты ашық

пікір алаңы ұйымдастырылды. Ашық алаңда қонақтар тарихи шындық, Желтоқсан оқиғасының маңызы, Ата Заңымыздың рөлі жөнінде мазмұнды ойларын ортаға салды.

Бұл пікір алмасу:

- тәуелсіздіктің қадірін терең сезінуге;
- ұрпаққа үлгі болатын өсиет-ойларды зерделеуге;
- бірлік пен ынтымақтың маңызын айқындауға жол ашты.

Сондай-ақ тәуелсіздік рухын жас ұрпақ бойына сіңіру мақсатында 5-сыныптың үздік оқушылары «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылданды.

Жас ұландардың мойнына тағылған көк галстук – олардың Отанға адал қызмет етуге берген анттына адалдықтың, ел болашағына жауапкершілікпен қараудың белгісі. №167 мектеп қабырғасында өткен тағылымды бас қосу – елдік рухты асқақтатып, жас ұрпаққа тәуелсіздіктің мәнін терең танытқан маңызды шара болды.

Еліміздің еңсесі биік, рухы асқақ болғай!

Тәуелсіздігіміз мәңгі жасасын! Бірлігіміз бен берекеміз нығая берсін!

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»



Гүлмира СҰЛТАНӘЛИ,
Желтоқсан көтерілісінің қатысушысы, Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы елшілігінің кеңесшісі, Бірінші сыныпты кеңесші дәрежелі дипломат:

АЗАТТЫҚ ТАҢЫН ЖАҚЫНДАТТЫ

Желтоқсан оқиғасы және еліміздің тәуелсіздігі мен үшін егіз ұғым. Өйткені, 1986 жылы желтоқсан көтерілісі қазақ жастарын орталықтың әділетсіз шешіміне қарсы бас көтеруге жетелеген халқымыздың ғасырлар бойғы арманы еді. Алаш ардақтылары ақталып, Міржақыптың «Оян, қазағы» әрбір жүрекке жол тауып, ұлттық сананы оятқан тұсы еді бұл. Осы ғасырлар бойы булыққан ұлттық рух ашық түрде отарлық саясатқа қарсы шығып, «қарсылық мүмкін емес» деген психологиялық тосқауылды бұзуы азаттық таңын жақындатты емес пе?

Кеңес одағы ыдыраған кезде қазақ халқы өзінің тәуелсіздігіне рухани тұрғыда дайын болды. Желтоқсан көтерілісі тәуелсіздігімізге моральдық негіз қалап, азаттықтың үлкен құрбандықпен келгенін, оны тек саяси акт ретінде ғана емес, тарихи әділеттілік ретінде қабылдауға ықпал етті. Егемендігімізді күн санап нығайту қажеттігін түсіндірді.



БРИФИНГ

ЖЕТІСУДА АПАТТЫ МЕКТЕП ЖОҚ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңына келіп, өңірдің тыныс-тіршілігі мен атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар етті.



Жетісу облысында биыл ауыз толтырып айтарлық оң өзгерістер көп болды. Соның негізгі соңғы үш жылда пайдаланылған 712 мың га жер қайта айналымға енгізіліп, тағы 603 мың га мемлекетке қайтарылды. Бұл аймақтың әр жерді нысаналы мақсатына сай, тиімді пайдалансақ деген ниетінің туғаны анық.

– Жетісу облысы – аграрлы аймақ. Бұл салада өндірілген өнімнің жалпы көлемі былтыр 3%-ға өсті. Биыл өсім 5% болады деп күтілуде. Жыл басынан бері ауыл шаруашылығына 25 млрд теңге инвестиция тартылды. 2025–2027 жылдары облыстың агроөнеркәсіп кешенінде жалпы құны 94,4 млрд теңгеге 23 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Оның ішінде ірі жобаларды атап өтсем, жалпы жобалық қуаты 18,6 мың тонна болатын Панфилов және Көксу аудандарында салынатын екі құс фабрикасы, Текелідегі қуаты 4 мың тонналық жылыжай, Талдықорған қаласында салынатын жалпы қуаты 1,6 мың тонналық екі балық шаруашылығы нысаны бар, – деді әкім.

Жетісуда тұрғын үй мәселесі де оң шешіліп келеді. Биыл 13 498 пәтер пайдалануға берілген, оның ішінде бюджет қаражаты есебінен 6 689 пәтер берілді. Өңірдегі 276 нысан жаңартылып, білім беру саласында 19 жаңа нысан салынып, 22-сі күрделі жөндеуден өткен. Нәтижесінде бейімделген мектептер саны 69-дан 38-ге дейін қысқарды. Облыста апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектеп жоқ. Бұл да әкімнің әлеуметтік салаға жіті назар аударып келе жатқанының нақты көрінісі. Сондай-ақ денсаулық сақтау саласында 149 жаңа нысан салынған. 39 спорттық және 34 мәдениет нысандары жаңартылып, пайдалануға берілген. Бұдан бөлек, инвесторлар есебінен Талдықорған қаласында мұз сарайы, спортшыларға арналған төрт қабатты тұрғын үй және екі үстел теннис орталығы салынды.

«Жетісу облысы жыл соңына дейін өнеркәсіп өнімінің көлемін 5%-ға арттыруды жоспарлап отыр. Соңғы екі жылда өңірде 27 жаңа өндіріс

іске қосылып, 7 кәсіпорын кеңейтілді. Барлығы 1 500-ден астам жаңа жұмыс орны ашылды», – деді Бейбіт Исабаев.

Бұдан бөлек келесі жылы қатты тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу зауытының құрылысы жоспарланып отыр. Бұл – жеке инвестордың қатысуымен жүзеге асатын бірлескен жоба.

Әкімнің айтуынша Жетісу өңірінде туризм саласына ерекше назар аударылып отыр. Облыс құрылған сәттен бастап бұл салада 64 жаңа нысан пайдалануға берілген. Сол сияқты Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауын күтіп ұстау үшін екі коммуналдық мекеме құрылды.

– Жыл сайын өңірде 2 миллионнан астам турист келеді. Олардың келіп-кетуіне және демалуына қолайлы жағдай жасау – басты міндеттің бірі. Биыл жаңа «Ақши-Бескөл» электр желісі және қосалқы станциясы іске қосылды. Жағалауды нығайту бөгеттерінің және кәріз тазарту құрылысының құрылысы жүргізілуде. Балқаш көлінің жағалауына дейін жол, сумен жабдықтау, су бұру, электр желілері жеткізілді. Көл жағалауында 6 коммуналдық жағажай қарастырылған, оның 3-үінде құрылыс басталды. Енді жағалауды абаттандырып, жеке инвесторларды тартып, демалыс аймақтарын салу міндеті тұр. Сондай-ақ, Лепсі станциясында жаңа теміржол вокзалының құрылысы басталып, келер жылы қолданысқа беріледі, – деді облыс әкімі брифинг барысында. Ал экологиялық туризмді дамыту мақсатында «Алтынмөл» және «Жоңғар Алатауы» ұлттық парк аумақтарында визит-орталықтар ашылды. Жасылкөл көліне және Ш. Уәлиханов мемориалдық мұражайына апаратын жол жөнделді. «Бұрқанбұлақ» сарқырамасы жолының құрылысы басталған.

Брифингте байқағанымыздай, Жетісу облысының әр саласында қозғалыс, қайнаған тірлік, даму байқалады. Мұндай ауқымды жұмыстар келесі жылы да жалғасып, игілігін халық көрсе деген тілек бар.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КИЕ

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ҰЛТҚА ҚҰРМЕТ

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі, ұлттың ең басты байлығы және бірегей рухани мұрасы. Тіл арқылы халқымыздың тарихы, дүниетанымы мен салт-дәстүрі, мәдениеті ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. Тіл – ұлттың жаны, болмысы мен рухының көрінісі. Бүгінгі таңда қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Жалпы, қазақ тілі түркі тілдері тобына жатады және өзінің бай сөздік қоры, көркемдігі мен үндестік заңдылығы арқылы ерекшеленеді. Ол тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың болмысын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің мәртебесі артып, мемлекеттік тіл дәрежесіне ие болды. Мемлекеттік тілді дамыту үшін түрлі бағдарламалар қабылданып, білім беру, іс жүргізу және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолдану жолға қойылды. Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру – әр азаматтың борышы. Мемлекеттік тілде еркін сөйлеу, жазу және ойлау – елдің бірлігі мен болашағы үшін маңыз-



Алина АЙТАМБЕТ,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің жетекші маманы

ды. Жастар арасында тілді үйренуге деген қызығушылық пен ынта артып келеді. Бұл – болашаққа деген сенімнің белгісі.

Қазақ тілін құрметтеу – болашаққа салынған берік негіз. Тілімізді ұлықтап, келешек ұрпаққа аманат ету – қасиетті парызымыз. Тілді дамыту – әр азаматтың ортақ ісі. Тілге деген құрмет – ұлтқа деген құрмет.

ПАЙЫМ

Кассациялық соттардың құрылып, жұмысына кіріскеніне бес айдың жүзі болды. Бұл бір сәтте, бір күнде қолға алынған бастама емес. Бұған дейін кассациялық соттың негізгі мақсаттарын айқындап, қызмет әдістерін нақтылау, құқықтық тетіктерін қарастыру бойынша кең көлемді кешенді шаралар атқарылды. Мемлекет басшысының тапсырмасы кассациялық алқада кездескен кемшіліктерді жойып қана қоймай, сот жұмысын жандандыруға септігін тигізетін бірегей өзгерістің қажеттігін ұқтырды.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТҚА ЖҮКТЕЛЕР ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖОҒАРЫ

Кассациялық соттар – «Халық үніне құлақ асатын Үкімет» тұжырымдамасын тәжірибеде дәлелдеген нақты жоба. Бұл реформаның қолға алынуына азаматтардың кассацияға қатысты өкпе-решімі түрткі болған еді. Азаматтар өз шағымдарының кассациялық алқада қаралмай, тек бір судьяның пікірімен кері қайтып жатқанына наразы болды. Өйткені Конституцияның өзі азаматтардың сот арқылы қорғану құқығын бекіткен болатын. Ал сотқа қатысты өкпе-решістің артуы сот билігінің беделін төмендетеді, халықтың әділ төрелікке деген сенімін әлсіретеді. Сондықтан кассациялық соттардың бүгінгі моделінің құрылып, қолданысқа енгізілуі – азаматтық қоғамның жеңісі десек те ақиқаттан алыстай қоймаймыз.

2025 жылдың 1 шілдесінен бері жұмысын бастаған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерге маманданған үш дербес кассациялық сотқа қатысты жаңашылдықтарды бүгінде халық жақсы біледі. Халықты ақпараттандыру, кассациялық соттың қыр-сырын түсіндіру бағытында сот құрылымы ауқымды жұмыс атқарды. Соның нәтижесінде жаңа соттарға жүгінуден бастап, іске соңғы нүкте қойылғанға дейінгі сот практикасынан азаматтар толық хабардар болды.

Кассациялық сотты құру сот билігінің тәуелсіздігі қағидатын нығайтуға бағытталған. Жаңашылдықтың енгізілуімен Жоғарғы Соттың рөлі өзгерді. Бүгінде бұл биік құрылым сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз ету, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заңдылық мәселелерін зерттеу бойынша жауапты жұмысты үйлестіріп отыр.

Мұндағы басты ерекшелік енді істер кассациялық соттарға тікелей келіп түседі және іс бойынша қос тарапты шақыру арқылы қаралады. Ең маңыздысы

кассацияда істерді қарау мерзімі алты айдан аспайды. Бұл да қарапайым азаматтарды әуре-сарсаңға салмай, істерді негізді, әділ түйіндеуді таптырмас мүмкіндігі.

Конституциялық заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес кассациялық соттардың өкілеттіктері, құрылымы мен құрамы, сондай-ақ осы соттардың судьялары мен төрағаларына қойылатын талаптар белгіленген. Осы талаптарды ескере отырып республиканың түкпір-түкпіріндегі соттардан ең тәжірибелі, кәсіби шеберлігі шыңдалған судьялардың кассациялық соттарға іріктелгені көңілге үміт сыйлайды.

Кассациялық соттар – бұл төменгі соттардың заңды күшіне енген шешімдеріне шағымдар бойынша істерді қарайтын сот органдары. Олардың негізгі міндеті – бірінші және апелляциялық сатыдағы судьялар қабылдаған сот шешімдерінің заңдылығы мен дұрыстығын тексеру. Яғни, кассациялық сот істі мәні бойынша қайта қарамайды, дәлелдемелерді бағаламайды. Тек құқық нормаларын қолданудың дұрыстығын тексереді. Сондай-ақ кассациялық сот төменгі соттардың жіберген қателіктерін анықтаса, шешімін жоюы немесе өзгертуі, істі жаңа қарауға жіберуі немесе жаңа шешім шығаруы мүмкін.

Кассациялық соттардың судьясы заңдардың бүкіл елде бірдей түсіндірілуін және қолданылуын қамтамасыз етеді. Сот жүйесінің маңызды элементі болып табылатын бұл соттар әділ төрелікке деген оң көзқарас қалыптастырудың тетігі боларына сенім мол.

Айгүл ЕЛЕУСИНОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соттың судьясы

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Биыл Ақмола облысындағы егістік алқаптар аграрлық саладағы жаңа кезеңнің куәсі болды. «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» атты 019 бюджеттік бағдарламасы аясында өңірдің алты бірдей шаруашылығында ірі өндірістік тәжірибелер жүргізіліп, заманауи агротехнологиялардың нақты алқап жағдайындағы тиімділігі таразыланды.

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС ҮНДЕСТІГІ



Бұл – жай ғана ғылыми қызығушылық емес, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін іс жүзінде қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық бастама болып отыр. Сол тәжірибелердің ішіндегі ең ауқымды жобалардың бірі Зеренді ауданының түгін тартсаң майы шығатын құнарлы топырағындағы «Жайсан» шаруа қожалығында жүзеге асырылды.

Бұл алқаптың 228 гектар жерінде жүргізілген тәжірибе А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының ғалымдарымен бірлесе атқарылып, дәстүрлі егіншіліктің заманауи ғылыми тәсілдермен үйлескен үлгісін көрсеткенін атап өткен жөн.

Алқапқа жасалған ғылыми диагноз

Тәжірибе жұмыстары жыл басында-ақ мұқият жоспарланған-ды. Алдымен алқаптың көп жылдық ауыспалы егіс тарихы мен ауа райы ерекшеліктері мұқият зерделеніп, топырақ үгілері арнайы зертханаға жеткізілді. Сараптама нәтижелері бұл алқапта фосфордың айтарлықтай жетіспеушілігін айқын көрсетті. Демек, дақылдың тамыр жүйесінің дамуы мен массақтың қалыптасуына тікелей қажет элементтің тапшылығы өнімділікті тежейтін басты фактор болып шықты.

Сондықтан ғалымдар тыңайтқыш енгізудің ғылыми негізделген жаңа шешімін қабылдап, алқапқа аммофос енгізуді ұсынды. Бұл – жай ғана тыңайтқыш емес, өсімдік физиологиясына тікелей

әсер ететін, вегетация барысында дақылдың қуатын арттыратын негізгі құрамына енетін заттың бірі.

Тұқым үлгілері де өткір ғылыми сүзгіден өтті. Өнгіштігі мен энергиясы жоғары болғанымен, саңырауқұлақтық аурулардың белгілері анықталды. Оны назардан тыс қалдыру – келешек егіннің жартысын қатерге тігу деген сөз. Сол себепті тұқым себер алдында арнайы фунгицидтік препараттар тандалып, тұқым уақытылы, дұрыс технологиямен дәріленді.

Дәлдік пен ғылыми тәсілдің үйлесімі

Топырақ та, тұқым да сынақтан өткен соң себу науқаны К-700 тракторына тіркелген бес СКП-2,1 секішімен жүргізілді. Себу нормасы 3,5 миллион өнгіш тұқым көлемінде белгіленіп, аудан үшін ең тиімді саналатын уақыт – 21-22 мамыр аралығы таңдалды. Тұқым 5-7 см тереңдікке енгізілді, бұл да ғылыми есептелген көрсеткіш.

Еккеннен кейін көп ұзамай нәтижесі де бірден көріне бастады. 9-10 күнде өскін біркелкі бой көтеріп, алқапта жасыл кілемдей түрленіп шыға келді. Вегетациялық кезеңнің әр сәті фенологиялық бақылауда болды, сондай-ақ дрондармен тұрақты мониторинг жүргізілді. Бұл – заманауи егіншіліктің жаңа кезеңі, алқапты адалспай аралайтын, әр өзгерісті дәл жеткізетін цифрлық көмекші.

Түптен кезеңінде арамшөпке қарсы гербицидтер, масақтанар алдында саңырауқұлақ ауруларына

қарсы фунгицидтер қолданылып, өсімдіктің барлық қажеттілігі уақытылы қамтамасыз етілді. Ғылыми сүйемелдеумен жүргізілген әр агротехникалық қадам егіннің толыққанды жетілуіне әсерін тигізді.

Еңбектің жемісі: өнімділіктің 18 пайызға артуы

Егін жинар алдында дақылдың биологиялық өнімділігі анықталып, «Вектор» комбайнымен жаппай оруды жұмыстары жүргізілді. Жиналған астық мұқият өлшенген сәтте нәтижесі ерекше қуантты. Жиын-терім кезінде бақылау алқабына егілген дақылдан гектарына 18,2 центнер, тәжірибе алқабынан гектарына 21,5 центнерден айналды. Өнімділіктің 18,1 пайызға артуы – жәй ғана сан емес, ғылыми тәсілдің нақты нәтижесі, тәжірибе мен технологияның бір-бірін толықтырған жемісі екені даусыз. Астық уақытылы тазартылып, сақтауға қоймаларға жіберілді.

Бұл тәжірибе тек бір шаруашылық үшін емес, бүкіл өңірдің ауыл шаруашылығымен айналысқан диқаннар қауымына үлкен үлгі боларлық еңбек. Инновациялық тәсілдің «қағаз жүзіндегі жоба ғана емес, нақты нәтиже бере алатынын» дәлелдейтін айқын мысал болды.

«Жайсан» шаруа қожалығының алқабында жүргізілген тәжірибе көрсеткендей, агросектордағы ілгерілеу тек қаржылай қолдаумен ғана емес, ғылыми сүйемелдеу, заманауи технологияларды енгізумен де тығыз байланысты. Топырақты зерттеу, тұқымды сараптау, тыңайтқышты дәл мөлшерлеу, дронмен бақылау, дер кезінде фунгицид пен гербицид дәрілерін қолдану – мұның бәрі өнім сапасын арттыруға мол ықпал етеді.

P.S. Ақмола облысындағы бұл тәжірибе – ғылым мен шаруаның қолын біріктірген озық тәсілдің нақты нәтижесі. Ендеше, мұндай жобаларды кеңейту, тәжірибені басқа аймақтарға тарату – еліміздің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеретін шешуші қадам болары сөзсіз. Бұл – болашаққа жол салған тың тәжірибе әрі Ақмоланың егіс алқаптарындағы жаңа серпін болмақ.

Айдос САЯНОВ,
А.И.Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының жаздық жұмыс бидай селекциясы зертханасының меңгерушісі

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– Республика күнінің мәртебесін көтереміз деп Тәуелсіздік күнінің дәрежесін түсіріп алған жоқпыз ба?

– Қазақстан Республикасында билікке «Жаңа Қазақстан» өкілдері келгеннен кейін біраз саяси өзгерістер орын ала бастады. Соның бірі Тәуелсіздік күнін өзгерту, оның статусын Мемлекеттік егемендік туралы декларация қабылданған күнге ауыстыру шарасы болды деп ойлаймын. Меніңше бұл өте дұрыс шара. Оны 100 пайыз қолдаймын. Себебі «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация бұл шын мәнінде 1990 жылы 25 қазанда қабылданған нағыз дұрыс құжат болды. Ол Қазақстан халқының тәуелсіздікке бетбұрыс жасауының негізін жасады және осы бетбұрысты бастады. Мұның өзі Қазақстан Кеңес



Сайын БОРБАСОВ,

Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдар докторы:

«ТАРИХ ДОҢҒАЛАҒЫН КЕРІ АЙНАЛДЫРА АЛМАЙСЫҢ»

Одағының құрамында бола тұра заңды түрде тәуелсіз мемлекет құру үдерісін бастады дегенді білдіреді. Сондықтан 1990 жылы 25 қазанда қабылданған декларацияның тарихи маңызы өте зор. Бұл Қазақстанның тарихында оның тәуелсіздігін айқындаған ең маңызды құжат болып табылады. Әрине, қазақ халқының тәуелсіз мемлекеті бұрын да болды. Қазақ хандығы, оның алдындағы Алтын орда, Жошы ұлысы бұлардың барлығы тәуелсіз мемлекеттер болды. Бірақ олардың бүкіл әлемге паш еткен, жариялаған осындай құжатты болған жоқ. Сондықтан қазақ халқының тарихында оның тәуелсіздігін жариялаған бірінші құжат – «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация. Ол кезде Кеңес Одағы ыдырап кеткен жоқ болатын. Соған байланысты белгілі бір заңдық шектеулер болды бұл декларацияда. Оны да мойындауымыз керек.

– Республика күнінің қоғамдық-тарихи маңызын қалай жүйелеуге болады?

– «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияда алғаш рет Қазақстанның Конституциясы, заңдары Қазақстанның территориясында одақтық заңдарға қарағанда басым болады. Біз өзіміздің Конституция, заңдарымызбен өмір сүреміз деген принцип жарияланды. Яғни, Қазақстан өзін тәуелсіз мемлекет ретінде паш етті. Екіншіден, Қазақстанның жері, табиғат байлықтары, ресурстары Қазақстан мемлекетінің, Қазақстан халқының меншігі деп жарияланды. Бұл да өте маңызды. Сонымен қатар Қазақстанның саяси жүйесі, онда Президент шешуші рөл атқаратындығы, атқарушы биліктің басында Президент отыратындығы жария болды. Қазақстанда алғаш рет өзінің территориялық тұтастығын өзі қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіне қойылды. Қазақстанның Кеңес Одағы шеңберінде қалыптасқан территориясы бұл біртұтас бүкіл Қазақстан халқының жері, территориясы, оған ешкім қол сұға алмайды деген принцип қабылданды. Жалпы тәуелсіз мемлекетке тән қандай негізгі басымдықтар болатын болса, соның бәрі осы декларацияда толық көрініс тапты.

Тағы да бір айта кететін нәрсе Қазақстан өзінің ішкі, сыртқы саясатының бағыттарын өзі айқындайды. Шет мемлекеттермен қарым-қатынастарды өзі жасайды, оны өзі шешеді деген маңызды принцип көтерілді. Декларацияда сондай-ақ, Қазақ халқының рухани жаңғыруы туралы мәселелер: Қазақстан қазақ халқының отаны, қазақ халқының жері, қазақ халқының тілі, мәдени-

еті, дәстүрлері бірінші орынға қойылады деген қағидат осы жерде ең алғаш рет айтылды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған заңның негізгі қағидалары осы декларацияда жария болды деп батыл айта аламыз. Сондықтан бізге екі тәуелсіздік мейрамының керегі жоқ, менің ойымша. Қазақстанда тәуелсіздік декларациясы қабылданған 1990 жылғы 25 қазанда негізгі мемлекеттік мейрам ретінде белгілеу керек.

– «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» заңның маңызын қалай бағалайсыз?

– Бұл әрине, маңызды заң. Ол Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін қабылданған құжат. Әрине, тарихты кейін қайтара алмайсың. Бірақ та ол жерде бір құйтырқы ойындар болды.

1986 жылы 16-17 желтоқсан күндері Алматыда Желтоқсан көтерілісі болды. Онда көп адам зардап шекті. Әлі күнге дейін қанша адам қырылғаны белгісіз. Қазақ тарихына қатысты соңғы 7 томдыққа байланысты көп зерттеулер жүргізілді. Ресми айтқан адамдардың сөздерін жинақтап, салыстыра келе бірнеше жүз адамның мерт болғаны анықталды. Мұны жасыру үшін, осыған қатысы бар мемлекеттік билікке келген адамдар Желтоқсан көтерілісінің маңызын түсіру мақсатында Тәуелсіздік мейрамын Желтоқсан көтерілісі күніне теліп қойды. Осы жерде Назарбаев билігінің құйтырқы әрекеттері қазақ халқының жалпы саяси өміріне, саяси көзқарастарына үлкен ықпал етіп отыр. Сондықтан 16 желтоқсанды Желтоқсан көтерілісі күні деп қалдыру керек. Оны тәуелсіздік мейрамы деп айтудың қажеті жоқ. Алайда оны қаралы күн деп айтуды болмайды.

Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызы – егемендік үшін күрескен қазақ халқының ең соңғы көтерілісі. Қазақстан тарихында 400-ге жуық көтеріліс болған. Желтоқсан көтерілісі тек қана Алматыда болған жоқ. Алматы жастарының үлгісі көптеген қалаларда, тіпті аудан орталықтарына дейін өз ықпалын тигізді. Бұл Кеңес одағының күйреуіне себеп болған үлкен бір тарихи оқиға. Желтоқсан көтерілісінің арқасында бүкіл Кеңес одағында тәуелсіздікке деген үлкен бір қозғалыс басталды. Сондықтан Желтоқсанның маңызы өте зор.

Желтоқсан көтерілісін біз қаралы күн ретінде емес, маңызды саяси шара, қазақ жастарына патриоттық тәрбие берудегі үлкен оқиға ретінде

атап өтуіміз керек. Дегенмен, Желтоқсан көтерілісі әлі толыққанды зерттелген жоқ. Алдағы уақытта барлық архивтерді ашып, Желтоқсанның шындығын Қазақстан халқына жеткізудіміз керек. Сол кездегі сатқындардың іс-әрекетін, Кремльдің іс-әрекетін халық білуі тиіс. Сонда бізде тәуелсіз сана қалыптасады.

– Мемлекет басшысы биылғы жолдауында кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық көбейгеніне алаңдаушылық білдірді. Бұл өзгерістің Қазақстанға әсері қандай?

– Мемлекет

басшысының әсіре ұлтшылдыққа алаңдауы өте орынды. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін нығайту бағытында одақтас іздеуіне Ресей-Украина соғысы үлкен сабақ болуда. Өйткені әсіреұлтшылдық біздің көршілес державаларда бар. Ресейдің орыс халқы әлемдегі ең озық халық, орыс тілі ең озық тіл, орыс халқы құдай таңдаған халық деген әсіре ұлтшылдығын бәріміз көріп, естіп, оқып отырымыз.

Ұлтшылдықты ояту өте қауіпті. Біз өз ұлтымыздың мүддесін қолдаймыз, тілімізді, мәдениетімізді, өнерімізді дәріптейміз. Димаш сияқты мәдениет қайраткерлерімізді, Абай сияқты әлемдік ойға үлес қосатын ойшылдарымызды ұлықтаймыз. Бірақ ешуақытта қазақ халқы басқадан артық, қазақ халқы басқаларды билеу керек деген дүниені айтпаймыз. Өйткені әлемдегі барлық халық тең, барлық мәдениеттер бірдей құқыққа ие, барлық адамдар тең деген принципті ұстанамыз. Бұл ізгілікті гуманитарлық принцип.

– Қазақстан Конституциясына енгізілетін жаңа өзгерістер мен толықтырулар туралы көзқарасыңыз қандай?

– Конституцияға қазақ халқының статусын нақтылайтын баптар, сондай-ақ Қазақстан қазақ халқының тарихи отаны деген сөз керек. Қазақстанда қазақ халқының тілі, мәдениеті, ділі, дәстүрі рухани салада басымдықта болады, бірақ ешкімнің құқықтарын шектейміз деген толықтырулар қажет. Қазақ тілі басқа тілдермен тең деуге болмайды. Қазір Қазақстанда этнодемографиялық карта түбегейлі өзгерді. Тәуелсіздік алған жылы қазақ халқының үлесі 39 пайыз болса, қазір 72 пайыздан асты. Яғни, Конституциядағы қазақ халқының тілі, мәдениеті, өнері рухани салада басымдыққа ие болуы керек деген бап ешкімнің мүддесін аяққа таптамайды. Ешкімді теңсіз қылмайды. Себебі қазақ халқы өзінің тілін тек қана Қазақстанда дамытады. Мәселен, Қазақстанда 2,9 млн орыс, 2 мыңнан астам орыс мектептері бар. Ал Ресейдегі 1 млн қазақ оқитын бірде-бір қазақ мектебі жоқ. Онда қазақ диаспорасының құқықтарын шектеліп отыр. Сондай-ақ Конституцияға мемлекеттік қызметкерлер міндетті түрде қазақ тілін білуі керек деген бапты енгізу керек сияқты. Ондағы орыс тілі қазақ тілімен тең қолданылады деген бапты алып тастау керек. Онсыз толықтырулардың құны көк тиын боп қалады.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨЗҚАРАС

Тәуелсіздік – Тәңірдің берген сыйы. Біз ата-бабамыз ғасырлар бойы арман етіп, аңсаған тәуелсіздіктің таңын көріп, азат елде тіршілік ету бақыты бұйырған тәлейі зор ұрпақпыз. Егемендік елдің еңсесін көтерді. Соның арқасында зайырлы, құқықтық мемлекет құрудың нақты қадамдары жасалды.

МӘҢГІЛІК БОЛСЫН ЕЛДІГІМ!

Міне, Қазақстанның өз алдына отау құрып, тәуелсіздігін алғанына биыл 34 жыл толады екен. Бұл аз уақыт емес. Осы аралықта егемен елде талай тындырымды істің атқарылып, талай биік нәтижелерді бағындырғанмызға көз жеткізу қиын емес.

34 жылда қарыштап жаңаланған, төрткүл дүние бағалаған ел болдық. Бүгінде әлем халқы Қазақстандай бейбіт, қауіпсіз, тыныштық пен таулық салтанат құрған жас мемлекетті тегіс таниды. Және осы мемлекеттердің көпшілігі біздің елімізбен етене жақын байланыс орнатып, Қазақстанды сенімді серіктес ретінде қабылдаған. Оған түрлі салаларға инвестиция салып, өзінің кәсіби мен табысын Қазақстанмен байланыстырған шетелдіктердің тәжірибесі жарқын мысал бола алады.

Тәуелсіздік сот, құқық саласының дамуына да серпін берді. Отандық соттың өткені мен бүгінгі таразы басына салып салыстыра қарап-ойлы, салмақты өзгерістердің орын алғанына көз жеткізесің. Расында, егеменді елдің сот саласы реформалардан кенде болған жоқ. Олардың бір бөлігі өз заңдық базамызды қалыптастырып, құқықтық құжаттарды халықаралық талаптарға сай реттеуге бағытталды. Ата Заңнан бастап, негізгі заңнамаларды сауатты, пәрменді, заман талабына сай етіп дайындауда отандық заңгерлердің, ғалымдардың, сот, құқықтық сала мамандарының еңбегі ұшан-теңіз. Осындай білікті, өз ісіне жауапты қарайтын кәсіби мамандардың арқасында құқық, заң алаңында жұмыс істеу, іс жүргізу қиын емес.

Реформалардың келесі бөлігі сот жұмысын жандандыруды, судьяларды сындарлы іріктеуді мақсат еткені белгілі. Соттың беделі – мемлекеттің беделі болғандықтан, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талап та айтарлықтай жоғарылады. Бүгінде тек заңгерлік білім алып, заң, құқық саласында жиналған тәжірибенің

болуы жеткіліксіз. Сот корпусына таңдалатын үміткердің психологиялық ұстамдылығына, тіл байлығына, сауаттылығына, көпшілік адында өзін ұстауына, қоғамдағы жауаптылықты сезінуіне де көңіл бөлінеді. Сонымен бірге үміткерлердің тізімі алдын ала жарияланып, қарапайым азаматтардың пікірін сұрау да дәстүрге айналды. Яғни, халық жағымсыз пікір айтқан, кемшілігін көрсеткен үміткерлерге сот саласында орын жоқ. Осындай үлкен іріктеу, сүзгіден өткен судьяның өз қызметіне жауаптылықпен қарап, антына адал болары таласыз.

Сот саласының тұғыры, әрбір судьяның бет түзейтін айнасы болған негізгі заң – «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң екені белгілі. 1995 жылы 20 желтоқсанда қабылданған бұл заң сот қызметінің негізгі бағыттарын айқындап, тұңғыш рет «сот билігі» деген жаңа терминді қолданысқа енгізуімен құнды болды. Сот жүйесін реформалауға негіз қалаған осы заңның пәрменімен мемлекет пен қоғам өміріндегі соттың рөлін жоғарылатуға, оның беделін көтеруге мүмкіндік туды, судьялардың құқықтық қорғалуы айтарлықтай нығайды. Ел тұрғындары өз мүдделерін және барлық дерлік дауларды сот алаңында шешу мүмкіндігіне ие болды.

Біз бүгін осындай гүлденген, түрленген елімізбен мақтанамыз. Тыныш, бейбіт елде тұрып жатқанымызға шүкіршілік етеміз. Осының бәрі мемлекеттің тәуелсіздігінің арқасы. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ЕГЕМЕНДІК ЕСЕЙТКЕН ҚҰРЫЛЫМ

Әрбір мемлекет үшін ең ұлық мереке – Тәуелсіздік күні. Өйткені, әр елдің өз алдына мемлекет құрып, өз тағдырына өзінің иелік етуінен бағалы ештеңе жоқ. Біздің еліміздің де тәуелсіздік алып, әлем картасынан орнын айшықтағанына 34 жыл өткен екен. Осы жылдар ішінде 16 желтоқсан азаттықтың айтулы мерекесі ретінде лайықты атап өтіліп келеді.

Тәуелсіздіктің бізге бергені мол. Егемендіктің арқасында есейіп, еркін дамыған саланың бірі – сот. Қазақстандық сот тәуелсіздік жылдарында жұмысын жүйелеп, қызметін бір арнаға түсірген мемлекеттік биліктің пәрменді тармағына айналды. Мемлекеттің тұрақты қолдауы мен қамқорлығының арқасында сот жүйесіндегі реформалар табысты жүзеге асты. Осындай кешенді іс-шаралардың нәтижесінде отандық сот халықаралық рейтингтердегі көрсеткішін жылдан-жылға жақсартып келеді.

Сот құрылымы мен сот ісін жүргізуді қайта құру, материалдық-процестік заңнаманы түбегейлі өзгерту бағытындағы күрделі жұмыстардың нәтижесі де жоғары болды. Бұдан бөлек облыстық, қалалық соттардың ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріндегі аудандық соттардың ғимараттары да жаңғырытылып, барлығының материалдық-техникалық базасы жақсарды. Қазір республиканың кез келген сотындағы процестер кең, жарық, қауіпсіз залдарда өтеді. Әрі дыбыс-бенежазу құрылғыларының көмегімен сот процестерінің бәрін Ахуалдық орталықта тіркеп, бақылап отыру жолға қойылған.

Қазақстандық сотты заманауи технология, электрондық қызмет мүмкіндіктерін жан-жақты қолданатын бірегей сала десек қателеспейміз. Сот залдарын 100 пайыз дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтамасыз ету, қуалардан қашықтықтан жауап алу, сот құжаттарын электронды қабылдау бойынша қолға алынған жұмыстар саланы шын мәнінде жаңа биікке көтерді. Осындай ілкімді істердің арқасында азаматтар арыз-шағымын сот ғимаратына келмей-ақ онлайн жіберуге, сұраныстарын қашықтан жолдауға мүмкіндік алды. Сот істерінің таспаға жазылуы судьяларды негізсіз жала, ауыр айыптаулардан құтқарады. Себебі әрбір процесс таспаға жазылғандықтан, арыздағы ақиқатты анықтау қиындық тудырмайды. Сондай-ақ заманауи құрылғыларды тиімді қолданған соттың коронавирус індеті кезінде де жұмысын ақсатпағаны белгілі. Осы тұста істердің басым бөлігі онлайн қаралғандықтан, сот карантин кезінде де қызметін үздіксіз жалғастыра берген болатын.

Мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, әскери, қылмыстық, кәметтік жасқа толмағандар істері бойынша соттардың құрылуы да сотқа деген сенімді нығайтқан жаңашылдықтың бірі болды. Мұндай соттар суықтарды бір салаға бейімдеуге, істерді жүйелеуге, сәйкесінше сот қателіктерінің алдын алуға ықпал етті. Біздің еліміздің ТМД елдері арасында алғашқылардың бірі болып алқабилер институтын енгізгенін, қамауға алуды санкциялауды соттың құзырына бергенін де айта кеткен жөн. Сот істерін уақытылы қарау және санын азайту мақсатында дауларды шешудің баламалы тәсілі ретінде медиация институтының енгізілуі де оң өзгерістер қатарында. Соның арқасында бүгінде сот істерінің белгілі бір бөлігі тараптардың татуласуымен аяқталуда.

Осындай нәтижелі жұмыстар арқылы ел тұрғындарының алдында сот билігінің беделі арта түсті. Тұрақты қолдау мен қатаң талап болғандықтан, сот жүйесінің тиімділігі, сот шешімдерінің әділеттілігі, судьялардың қоғам алдындағы жауапкершілігі күшейді. Тәуелсіз елдің тәуелсіз сотын дамытуға қатысты реформалар мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта да қоғамның соттарға деген сенімін арттыру, судьялардың кәсібилігін, тәуелсіздігін, әділдігін қамтамасыз ету бойынша шаралар жалғасын таба бермек.

Ақерке ДҮЙСЕНОВА,
Меркі аудандық сотының судьясы
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Биыл Жоғары Сот Кеңесінің құрылып, жұмысын бастағанына 10 жыл толып отыр. Осы айтулы датаға орай Астанада халықаралық форумы өтті. «Адам құқықтарын қорғау және тиімді сот төрелігі: ұлттық дәстүрлер мен халықаралық стандарттардың теңгерімі» тақырыбындағы форум судьяларды даярлау мен іріктеудің заманауи тәсілдерін талқылайтын алаңға айналды.

**ЖОҒАРЫ СОТ
КЕҢЕСІНЕ – 10 ЖЫЛ**



Форумға Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия және Өзбекстан делегациялары, мемлекеттік органдар мен сот жүйесінің өкілдері, Парламент депутаттары, заңгерлік қауымдастық, ғалымдар және халықаралық сарапшылар қатысты.

Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы Дмитрий Малахов: «10 жыл ішінде Жоғары Сот Кеңесі судьяларды іріктеудің ашық әрі объективті тетіктерін қалыптастырды, заманауи сот білім беру бағдарламаларын енгізді, бұл судья кадрларының кәсіби деңгейін арттыруға мүмкіндік берді. Осы алаңда озық тәжірибе алмасып, судьяларды даярлаудың жаңа тәсілдері талқыланды, бұл халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді», – деп атап өтті.

Екі күнге созылған форум барысында қатысушылар Түркі желісіне мүше елдердің судьяларды даярлау саласындағы бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өтті. Соның ішінде тұрақты тәжірибе алмасу, білім беру стандарттарын үйлестіру және ортақ бастамалар сот жүйесіне деген

сенімді арттырып, өңірлік ынтымақтастықты дамытуға серпін береді.

Форумда судьяларды даярлаудың практикалық аспектілеріне, іріктеу тетіктерін жетілдіруге және түркі елдеріндегі судья кадрларының біліктілігін арттыруға қатысты мәселелер таразы басына салынды. Қатысушылар заманауи оқыту әдістеріне, цифрлық құралдарды енгізуге және сот білімін дамытудағы бірізді тәсілдерді қалыптастыруға баса назар аударды.

Екінші күнгі сессияларда сарапшылар Қазақстанның судьяларды іріктеу, біліктілік талаптарын арттыру және кәсіби қасиеттерді бағалаудың нақты критерілерін енгізу бағытындағы тәжірибесі Түркі желісіне мүше елдер үшін сұранысқа ие екенін атап өтті. Сондай-ақ білім беру стандарттарын дамытуға, сот институттарына деген сенімді нығайтуға және халықаралық әріптестікті кеңейтуге бағытталған бірлескен жобаларды жалғастыруға дайын екенін растады.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

**ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН
ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ**

16 желтоқсан – Қазақстанның Тәуелсіздік күні. Бұл күн еліміздің жаңа тарихының басталуымен бағалы. 1991 жылы қабылданған тәуелсіздік туралы Конституциялық заң мемлекетіміздің саяси, экономикалық және құқықтық тұрғыдан дербес даму жолына түсіне мүмкіндік берді. Еліміз егемендік алған сәттен бастап құқықтық негіздерді қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Заң жүйесін жаңарту, сот және құқық қорғау органдарының жұмысын жетілдіру, азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның құқықтық саласында маңызды құжаттар қабылданып, жаңа институттар құрылды. 1995 жылғы Конституция мемлекет пен қоғам арасындағы қатынастарды реттейтін басты құқықтық негізге айналды. Осы кезеңнен бері қылмыстық, азаматтық және әкімшілік заңнамалар жетілдіріліп, халықаралық талаптарға жақындады. Сот жүйесінің дербестігін арттыру, ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ету мақсатында бірқатар реформалар іске асырылды. Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың енгізілуі құқықтық қызметтің қолжетімділігін арттырып, азаматтарға заң саласындағы процестерді жеңілдетіп берді.

Тәуелсіздік – тек тарихи оқиға емес, сонымен бірге тұрақтылық пен дамудың негізі. Әрбір азамат заңды құрметтеп, өз құқықтары мен міндеттерін білу арқылы елдің құқықтық мәдениетінің қалыптасуына үлес қоса алады. Тәуелсіздік күні – өткенге тағзым етіп, бүгінгі жетістіктерді бағалайтын, болашаққа бағыт беретін маңызды мереке. Егемен еліміздің құқықтық жүйесі одан әрі дамып, әділетті қоғам құру жолындағы мақсаттарымыз табысты болсын.

А.КАРИМОЛДАЕВА,
Ақтөбе қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында сот әкімшісінің басшысы

МЕРЕЙ

ӨМІР ЖОЛЫ – ӨНЕГЕ

Елеуов Талғат Кусниұлы – құқық саласына өмірін арнаған, кәсіби білімі мен мол тәжірибесін сот төрелігінің дамуына бағыттаған парасатты тұлға. Биыл өзінің 60 жылдық мерейтойын атап өтетін судьяның тағылымды өмір жолы адалдықтың, жауапкершіліктің және табандылықтың айқын үлгісі. Талғат Елеуов 1965 жылы 16 желтоқсанда дүниеге келген. Орта білім алғаннан кейін құқық саласына қызығушылық танытып, таңдаған бағытына адалдықпен қадам басты. 1983–1990 жылдары ол Қарағанды мемлекеттік университетінде оқып, «юриспруденция» мамандығы бойынша жоғары білім алды. Отан алдындағы борышын да абыроймен өтеп келіп, жоғары оқу орнын аяқтаған соң, Талғат Кусниұлы кәсіби қызметін прокуратура органдарында бастады. 1990–1991 жылдары Қарағанды облысы Теміртау қаласының прокуратурасында стажер, одан кейін Ленин ауданының прокуратурасында тергеуші, сол ауданның прокуратурасының аға тергеушісі қызметін атқарды. Прокуратурадағы жұмысы оның өз ісіне жауапкершілікпен қарайтынын, құқық қорғау саласының

талаптарына толық сай келетін білікті маман екенін көрсетті.

Ал 1995–2004 жылдар аралығында Қарағанды облыстық адвокаттар алқасында адвокат болып жұмыс істеді. Бұл кезең оның құқықтық ой-өрісін кеңейтіп, азаматтардың құқықтарын қорғаудағы шеберлігін шыңдады. Уақыт өте келе кәсіби тәжірибе, әділдікке деген ұмтылыс оны сот жүйесіне алып келді. 2014–2020 жылдары Теміртау қалалық сотының судьясы, 2020 жылдан бүгінге дейін Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы болып тындырымды еңбек етті.

Осылайша, әріптесіміз прокуратурадан бастап адвокаттық, мемлекеттік қызмет, сот жүйесіне дейін – құқық саласының әр кезеңін өткеріп, бай тәжірибе жинады. Судья Талғат Елеуов өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын, кез келген істі заң талабына сай шешетін, сот әдебин қатаң ұстанатын әділ тұлға ретінде әріптестері мен азаматтардың құрметіне ие.

60 жас – мол тәжірибенің, кемел ойдың, толысқан парасаттың кезеңі. Талғат Елеуовтің кәсіби әрі өмірлік жолы



– адалдық пен еңбексүйгіштіктің жарқын үлгісі. Осы мерейлі жаста әріптесімізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығы, кәсіби қызметте – табыс пен жаңа белестер, әділдік пен абырой тілейміз! Сіз секілді тәжірибелі, әділ, адал судья – елге сыйлы болары хақ. Қызмет жолыңыз әрдайым абырой мен биік беделге тола берсін!

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұжымы

СҰХБАТ

Премьер-Министрдің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен биыл бірінші рет 13 желтоқсанда Қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлерінің күні аталып өтілді. Қазіргі таңда ол Кәсіби мерекелер тізбесіндегі 74 атаулы күннің бірі болып отыр. Біз осыған орай Қылмыстық атқару жүйесінде бір емес, 6 облыста жауапты қызмет атқарған Абай облыстық қылмыстық атқару жүйесі департаменті бастығының орынбасары Тілеуберген Сәкенұлы Көнекбаевпен сұхбаттасқан едік.



Тілеуберген КӨНЕКБАЕВ,
Абай облыстық ҚАЖ департаменті бастығының орынбасары:

**«КӘСІБИ МЕРЕКЕ –
ҚҰРМЕТТІҢ БЕЛГІСІ»**

– Тілеуберген Сәкенұлы, 33 жылдан кейін еңбек жолыңызды бастаған өңірге қайта оралған екенсіз. Өткен күнге бір шолу жасап өтсеңіз?

– Қылмыстық атқару жүйесі саласына мен 1993 жылы келдім. Қызметке қабылданғаным туралы бұйрық 6 маусымда шыққанын да әлі ұмытқан жоқпын. Осы жерде тәрбиеленіп, түлеп ұшып 2011 жылы Шығыс Қазақстан облыстық Қылмыстық атқару жүйесі департаменті бастығының бірінші орынбасары болып қызметке бардым. Қазір қарап отырса 33 жылдың ішінде 6 облыста қызмет жасаппын. Атап айтқанда Қостанай облысында департамент басқардым. Батыс Қазақстан облысында департамент бастығының міндетін атқардым. Маңғыстау, Павлодар облысында департамент бастығының орынбасары болып қызмет жасадым. Міне бүгінде Абай облыстық ҚАЖ департаменті бастығының орынбасары болып қызмет атқарып жүрмін.

– Ұзақ жылдардан кейін қайта құрылған Абай облысының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіндегі қазіргі кадрлық ахуалды қалай бағалайсыз?

– Дұрыс айтасыз. Шығыс Қазақстан мен Семей өңір-

лерінде 25 жылдан астам уақыт бойы бір ғана департамент болды. Сол себепті мұнда Қылмыстық атқару жүйесі департаменті қайта құрылған кезде орталық аппаратта істеген мамандар болған жоқ. Бәрі жан-жақтан келіп құралды. Мен ол кезде Павлодар облысынан Шығыс Қазақстан облысына жаңа ауысып келген едім. Қазір кадрлық құрам өте жақсы. Оның ішінде бір кездері өзім жұмысқа алған подполковник шеніне дейін өсіп отыр.

– Қылмыстық атқару жүйесі саласындағы қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру елімізде жолға қойылған ба?

– Қазір Қостанайда, Алматы, Қарағандыда академиялар бар. Соңғы жылдары Астанада да академиялық курс ашылды. Жеке құрамның кәсіби біліктілігін ары қарай арттыру үшін жер-жерде түрлі семинар, тренингтер өткізіліп жатыр. Тәжірибе алмасу үшін мамандар Алматы, Қостанай академияларына да жіберіліп тұрады. Бұдан бөлек жұмыс бағытына сай құқық қорғау органдарымен ғана емес, азаматтық қоғаммен де тығыз байланыс орнатылған. Бұрын бізде психолог деген болмайтын. Қазір академияның ішінде 4 жыл бойы психологияны арнайы оқып

шығатын мамандар бар. Со-сын өзіміздің психологтардың біліктілігін ары қарай жетілдіру үшін жоғары оқу орнындағы мамандар және түрлі ғылыми, талдау орталықтарында қызмет жасайтын сарапшылармен де бірлесіп жұмыстар жасаймыз.

– Қоғамда қылмыстық атқару жүйесінің оң имиджін қалыптастыру қалай жүзеге асырылуда?

– Қылмыстық атқару жүйесі әлі де қарапайым халық үшін көп ашылмаған жабық жүйе. 1993 жылы бұл салаға жұмысқа келгенде менің алғашқы формамның түсі жасыл болды. Сол кезде милицияның формасы көк, ал біздікі неге жасыл деп ойлайтынмын. Ол кезде психолог дегенді білмейтінбіз. Қылмысын әшкерелеп, жазасын өтеуге себепкер болған милицияға деген көзқарасы бөлек сотталған кісінің қылмыстық атқару жүйесі саласындағы көк форманы көргенде ойы өзгеретінін кейін түсіндік. Жалпы өзім қызмет еткен 33 жылда қылмыстық атқару жүйесінде 6 рет форма айыр-бастаппын.

Бала дүниетанымы кішкентай кезінде қалыптасады ғой. Қазір оқушылар мектепте аптасына 1 рет ұлттық дәстүрмен қазақша киінеді ғой. Бұл оларға ерекше әсер сыйлайды. Сондықтан біз де

өз ішіміздегі дәстүрді жаңғырту үшін қазір қылмыстық атқару жүйесіндегі ардагерлермен кездесулерді қайта жандандырып жатырмыз. Бұл өткенді ұмытпай, одан сабақ алу үшін жасалып отыр.

– Қылмыстық атқару жүйесіндегі кәсіби мерекеге деген қажеттілікті қалай бағаладыңыз?

– Бұрын бізде кәсіби мереке болған жоқ. Көрші Ресейдің қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлері кәсіби мерекесін атап өткен кезде біз де бір-бірімізге құттықтау жіберіп отыратынбыз. Ештен кеш жақсы деп былтыр Үкімет қаулысымен Қазақстандағы қылмыстық атқару жүйесі қызметкерлерінің кәсіби күні белгіленді. Биыл біз оны алғаш рет атап өттік. Енді 13 желтоқсан біздің мейрамымыз екенін балаларымыз да біледі. Өйткені ҚАЖ ішкі істер органдары саласындағы ең бір қиын да күрделі сала. Оған екінші бірі төзе алмайды. Сондықтан мен әріптестеріме әрдайым сабырлық пен сәттілік жолдасы болғанын тілеймін.

– Алғашқы ұстаздарыңыз есіңізде ме?

– Туған жерім Ақсуат ауданы Көкжыра ауылы. Әкем Ақсуат ауданының Ойшылық деген кеңшарына мектеп директоры болып ауысқан соң, сонда 20 жылдай тұрып қалдық. Біздер 80-ге аяқ басып қалған әкемізге туған ауылға бармайсыз ба деп айтатынбыз, сонда әкем «Ауыл тұрған шығар, бірақ менің қатарымнан онда қазір ешкім жоқ қой» дейтін. Оны айтып отырғаным мен мұнда 33 жылдан соң қайтып келіп отырмын. Өйткені мұнда мені тәрбиелеген ұстаздарды мен қызметті бірге бастаған әріптестерім бар.

Алғашқы ұстазым болған Әлихан Омарбеков, Владимир Павлицкия, Мерболат Малабаев, Александр Гетте, Мағауия Құтанов, Мұхтарғазы Төлетбаев, Нұрлан Қушербаев, Дүйсен Байшегіров және бірге өскен Марат Галыпов, Жұмағали Рамазанов, Саят Габуллин, Совет Салтабаев, Виталий Исаев сияқты азаматтармен қарым-қатынасты ешқашан үзген емеспін.

– Қарбалас жұмыс кезінде арнайы уақыт бөліп сұхбаттасқаныңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАҒЫМ

Алматы шаһары үшін Тәуелсіздік мерекесінің орны қашан да ерекше. Елдігімізге бастау болған мереке қарсаңында жыл сайын қала жастары мен қонақтары Желтоқсан қаһармандарына тағым етіп, еске алу іс-шаралары өтіп жатады. Атап айтқанда, 16-17 желтоқсан қарсаңында мемлекеттік мекемелерде, қала кітапханалары мен білім мекемелерінде тақырыптық кездесулер, патриоттық, әдеби-музыкалық кештер, дөңгелек үстелдер, тарихи-танымдық сағаттар, дәрістер, әдеби оқулар мен басқа да маңызды оқиғалар легі басталады.

ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЕРЛІК

Жылдағы бұлжымайтын дәстүрмен Республика алаңындағы Тәуелсіздік монументі мен «Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне дәстүрлі гул қою рәсімі ұйымдастырылады. Оған қала басшылығы, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, 1986 жылғы көтеріліске қатысушылар, этномәдени бірлестіктер өкілдері және жастар қатысады. Ал 17 желтоқсанда қаланың барлық 8 ауданында 1986 жылы Желтоқсан көтерілісінде қаза болғандарды еске алуға арналған ас беріледі. Бұдан бөлек, қала билігі жастарды елжанды болуға жетелейтін төрт мемлекеттік әлеуметтік жобаны жүзеге асырып, қайырымдылық акцияларын, спорттық турнирлер, шығармашылық, патриоттық іс-шаралар мен тақырыптық конференциялар, байқаулар өткізуді көздеп отыр. Бұл бастамалардың барлығы да тарихи жақты сақтап, тәуелсіздік үшін күрескен буынның ерлігіне құрмет көрсетіп, осы құндылықтарды жас ұрпаққа дәріптеуге бағытталған. Осы орайда Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Тәуелсіздік күні және Желтоқсан көтерілісінің 39 жылдығы қарсаңында 1986 жылғы желтоқсаншылармен кездесті. Әкім Алматының қоғамдық

өміріне белсене үлес қосып жүрген желтоқсаншылардың патриоттық ұстанымын, азаматтық позициясы мен ұлттық құндылықтарға беріктігіне қошемет көрсетті. Кездесу барысында көпті толғандырған әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер көтеріліп, қосымша әлеуметтік қолдау шаралары талқыланды. Сонымен қатар Желтоқсан көтерілісінің 40 жылдығына орай қатысушылардың ұсыныстарын ескере отырып, кешенді еске алу іс-шараларының жоспары әзірленбек. Әсіресе ұлттық рухты нығайтуға, жастарды тәрбиелеуге бағытталған танымдық әрі патриоттық бастамаларға басымдық беріледі. Кездесу соңында Дархан Сатыбалды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларын қолдап жүргені және азаматтық қоғамды дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін желтоқсаншыларға риясыз алғысын білдірді. Әкім атап өткендей, қала әкімдігі, мәслихат депутаттары мен қоғамдық ұйымдар жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыру және қаланы дамыту бойынша бірлескен жұмысты жалғастырады.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУДА ЖАУАПКЕРШІЛІК БАР

Мемлекет басшысы биылғы жолдауында қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басқанын, кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейгенін ерекше атап өтті. «Бүгінде патриотизм деген сөздің сипаты, мазмұны өзгеріп жатыр. Бұрын бұл ұғым негізінен дәстүрлі құндылықтармен өлшенетін, тіл, мәдениет, руханият мәселесі ұлттық мүдденің өзегі ретінде саналатын. Әрине, бұл дұрыс, әрқайсысы ұлт болмысының арқауы. Оны бізден ешкім тартып алмайды, оған алаңдауға еш негіз жоқ. Қазіргі көкірегі ояу жас ұрпақ отаншылдық деген сөзді басқаша қабылдайды. Жастардың басы көпшілігі әсіредіңшілдікті, әсіреұлтшылдықты қолдамайды. Олар үшін патриотизмнің басты көрсеткіші – жасампаздық пен жаңашылдық», – деген еді. Сол себепті Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасында «Моңғолия қазақтары тарихына қатысты деректер: Тауданбек және Дәуітбай» деп аталатын жаңа кітаптың таныстырылымы болады деген хабар қазақ тарихын зерттеушілерді ғана емес, деректанушыларды еріксіз елең еткізген болатын. Біреу үмітпен, біреу күдікпен қараған бұл шара көпшіліктің көңілінен шыққандай.

Бұл кітап туралы пікір жазған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының профессоры, тарих ғылымының докторы Нәбижан Мұқаметханұлы таныстыру рәсімінде: «Академик Манаш Қозыбаев «Қазақ тарихы Қазақстан территориясымен шектелмейді» деп айтқан. Осы тұрғыдан айтқанда мына еңбектің ерекшелігі тарихи құндылықтарында. Бұл жеке адамның, болмаса отбасының өмірі ғана емес, тұтас тарихи кезең. Сол кезеңдегі тарихи өмір, қоғамдық болмыс, репрессия бәрі-бәрі де 7 адамның өмірі арқылы көрсетіліп тұр. Оған қосылған моңғол тіліндегі архив құжаттары, тарихи фотосуреттер осы кітаптың

өзіндік ерекшеліктерін қамтып тұр. Демек тарихи деректерді жинау осы кезге дейін жақсы жалғасты. Оған шетелден келген қазақтардың өзіндік жауапкершілігі бар. Ондағы деректерді мүмкіндігінше отанға әкелу, отандық ғылымның айналымына қосу әр адамның борышы. Осы тұрғыдан алып айтқанда Тауданбек атамның ұрпақтары өте жақсы жұмыс істеді деп ойлаймын», – дегенді айтты. Оның айтуынша, бір әулеттің 5 ұрпаққа дейінгі өмірі қамтылған еңбекте тек қана Моңғолия емес, Қазақстанның, Ресейдің және патшалық, кеңестік және қазіргі заманның да тарихи материалдары жатыр. Кәсіби тарихшылардың көп уақыты дерек жинаумен өтеді. Сондықтан мынау деректерді бір кітапқа жинақтап беру тарихшыларға қолайлылық жасау болып есептеледі.

«ШЕТТЕ ЖҮРГЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАРИХИ ТОЛЫҚҚАНДЫ, ЗЕРТТЕЛМЕЙ КЕЛЕ ЖАТЫР»

Еліміз тәуелсіздік алғалы тарихи деректерді жинақтауға көп көңіл бөліне бастады. Бұл бағытта «Мәдени мұра», «Тарих толқыны» бағдарламалар бойынша шетелдегі және шетел тілінде жазылған деректер елімізге көптеп әкелінді. Қазір соның негізінде 7 томдық академиялық басылм жазылып жатыр.

Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Зиябек Қабылдиновтың сөзіне қарағанда, шетте жүрген қазақтардың тарихы бүгінгі күнге дейін толыққанды, жүйелі түрде зерттелмей келе жатыр. Сондықтан бұл кітаптың орны ерекше. Оны болашақта дерек ретінде пайдалануға болады. «Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты жазып жатқан 7 томдық «Қазақ тарихы» 2026 жылы қазақ және орыс тілдерінде басылып шығады. Ал 2027 жылы ол ағылшын тілінде Кембридж университетінің баспасынан шығады деген үміт бар.

7 томдықта шетелде жүрген ағайын-туястарға арналған параграфтар бар. Келесі ұшжылдықта, яғни 2026–2029 жылдары институт тағы бір іргелі жоба атқарайын деп жатыр. Соның ішінде шетел қазақтарына арналған 3 томдық академиялық еңбек жоспарланып отыр. Шетелдегі 5 млн қазақтың тарихы жүйеленбесе, жалпы қазақтың тарихы толыққанды ешқашан болмайтынын бәріміз білеміз», – деді Зиябек Ермұханұлы.

ЕШТЕН КЕШ ЖАҚСЫ

Алматыдағы «Балауса» баспасынан 150 дана ғана болып басылып шыққан бұл кітаптық құрастырушылары: Рыстан Жарқынбай, Уатқан Жарқынбай, Соян Қажыбай. Оны өндіріске дайындаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ботакөз Уатқанның айтуынша, бұл кітапқа үш автордың жазғандары біріктіріліп, толықтырылған. Атап айтқанда Уатқан Жарқынбай мен Соян Қажыбайдың «Тауданбек әулеті өткен өткелдер» деген шежірелік кітабы және Рыстан Жарқынбайдың қолжазбасы. Кітап: «Тауданбек тұғыры», «Дәуітбайдың өмір жолы», «Моңғол тіліндегі мақалалар» және «Конференция материалдары» деп аталатын 4 тараудан тұрады.

«Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының 2004 жылы 9 маусымда өткізген «Моңғолиядағы қазақ халық ақыны Тауданбек Қабаұлы мен мемлекет және қоғам қайраткері, сазгер, күйші Дәуітбай Тауданбекұлының шығармашылығы туралы» ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы ол кезде шықпай қалғандықтан, ондағы кейбір адамдардың сөздері сақталмай қалған.

Тауданбек Қабаұлы – Моңғолия қазақ ауыз әдебиетінің көрнекті өкілі, айтыскер ақын. Моңғолияда туған Тауданбектің ұлы Дәуітбай ақын күйші болған. Ол Моңғолдың алғашқы Ұлы Құрылтайынан (Их Хурал) Кіші Құрылтайға – Парламентке сайланған ең алғашқы қазақ депутат. Оның алғашқы Хуралда сөйлеген сөздері (13) мен атқарған ісі туралы Моңғолияның тарихшылары мен жазушылары мұрағаттық деректер бойынша түрлі баспасөзде түрлі материалдар жазып қалдырған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «DISKOKRAS» ЖШС (БСН 220140012894) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 155, тел. +7 777 666 00 60.

3. «XJ Financial» ЖШС (БСН 250740012415) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Потемкин көшесі, 17-үй, тел. 8 708 367 65 61.

4. «Красные дамбалы» ЖШС (БСН 240840000671) таратылу процесі басталғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 190/82, 23-пәтер, тел. +7 702 523 1657, e-mail: info@skyeagle.kz.

5. «Серпер-2» ЖШС (БСН 050340002134) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Абай көшесі, 70-үй, 2-кеңсе, 2-қабат, тел. 87123321138.

7. «Eurasia NS» ЖШС (БСН 220240000656) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 18-үй, ҚСБ 7.

8. «Asssy!» ЖШС (БСН 210340028310) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Кенесары көшесі, 70-үй.

9. «NURSER SERVICE» ЖШС (БСН 180340035167) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Заचाган ауылы, Кең Дала ықшам ауданы, Көшім көшесі, 6-үй.

13. «Прешес Металс Казахстан» ЖШС (БСН 200740011686) (ҚР, Алматы қаласы, Қарасай батыр көшесі, 152/1-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 125-үй, 60-пәтер, тел. +7 701 727 0152.

14. «Dance4U» ЖШС (БСН 120940004811) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Самал-3 ықшам ауданы, 1-үй, тел. 8 701 277 8448.

15. «ҚҰРЫЛЫСКӨЛІКСЕРВИС» ЖШС (БСН 140240016190) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкин ауылдық округі, Ганюшкин ауылы, Абай көшесі, 12-үй. Тел. 8 775 970 36 30.

16. «Евразийский проект 2» ЖШС (БСН 170840025750) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әлімжанова көшесі 41, тел.: +7 701 111 0241.

ӨРТУРА

17. «SwF» Микроқаржы ұйымы Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 240240008398) өзінің орналасқан жерінің келесі мекенжайға өзгергені туралы хабарлайды: Қазақстан Республикасы, пошта индексі 050059, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 9-үй, н. п. 464. Телефон: 8 700 972 26 87.

18. Қостанай қалалық сотында 2025 жылғы 3 желтоқсанда Қостанай қаласы, Карбышев көшесі, 5-үй, 72-пәтер мекен жайында тұратын Татьяна Николаевна Сулеймановна, 2.06.1970 жылы туған азамат Александр Вячеславович Ошиваловты қайтыс болды деп жариялау туралы арызы бойынша азаматтық іс қозғалды. Жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде азамат Александр Вячеславович Ошивалов туралы мәліметтер бар тұлғаларға сотқа хабарлауы ұсынылады. Сот мекенжайы: Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72, телефоны 8(7142)57-44-31, электрондық мекенжайы: 1002031@sud.kz.

20. «Ер-Нұр ВК» ЖШС (БСН 230840003080) өз кредиторларын серіктестік «SBA-Agro Group» ЖШС-не (БСН 120740012756) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлар етеді. Қосылатын «Ер-Нұр ВК» ЖШС-нің мекенжайы: 070008, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ульяновская көшесі, 100-үй. Қосып алатын «SBA-Agro Group» ЖШС-нің мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Секисовка ауылы, Мишурин көшесі, 11-үй. Жазбаша талап-арыздар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 070008, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ульяновская көшесі, 100-үй.

21. «SBA-Agro Group» ЖШС (БСН 120740012756) өз кредиторларын серіктестік «Ер-Нұр ВК» ЖШС-нің (БСН 230840003080) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлар етеді. Қосылатын «SBA-Agro Group» ЖШС-нің мекенжайы: Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Секисовка ауылы, Мишурин көшесі, 11-үй. Қосылатын «Ер-Нұр ВК» ЖШС-нің мекенжайы: 070008, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Ульяновская көшесі, 100-үй. Жазбаша талап-арыздар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Секисовка ауылы, Мишурин көшесі, 11-үй.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Султан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Sokrat-PV» Юридическое агентство ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы ЖШС («РУТА» ЖА), директорлары Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Любавка», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 53, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

МҰРАГЕРЛІК

10. 2021 жылы 1 қарашада қайтыс болған Бекжапбаров Қалмырза Айтбайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №9 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

11. 2024 жылы 26 тамызда қайтыс болған Баекеева Тынымкүлдің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С.И.Байғазиновқа келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Ақмешіт шағын ауданы, 26/2 үй. Тел. 8 708 440 83 17.

12. 2025 жылы 7 сәуірде қайтыс болған Есетова Сануардың артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С.И.Байғазиновқа келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Ақмешіт шағын ауданы, 26/2 үй. Тел. 8 708 440 83 17.

19. 1957 жылы 15 наурызда туған, Пластинкина Марианна Валентиновнаның артынан 2025 жылы 6 желтоқсанда қайтыс болуына байланысты мұра ашылды. Мұрагерлерге және барлық мүдделі тұлғаларға нотариус Кузенбаева Жанар Шорахазовнаға мына мекенжай бойынша хабарласу қажет: Алматы қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 103-үй, 5-кеңсе. Телефон: +7 701 111 51 85.

6. Қызылорда облыстық соты және ҚР Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиалы Шиелі аудандық сотының судьясы Исабек Дархан Қыдырбекұлына анасы

Піржанова Ұлболсын Жақыпбекқызының қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

22. Сот әкімшілігінің Астана қаласы бойынша департаменті, елордалық соттардың ұжымы және Судьялар одағының Астана қаласы бойынша филиалы Астана қалалық сотының қылмыстық істер жөніндегі алқа төрағасы – Сламбекова Айсулу Кушкинбаевнаға анасы

Сермаңызқызы Тұрсынайдың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

«Релама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, КХО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ТІРЕГІ – ЗАҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан үшін егемендік жолы – күрделі, бірақ саналы таңдау болды. Бұл таңдау қарумен емес – құқықпен, ұранмен емес – заңмен, кездейсоқ шешіммен емес – жүйелі мемлекеттік саясатпен бекіді. Сондықтан тәуелсіздік ұғымы біздің елде ең алдымен заң үстемдігімен өлшенеді.

Парламент қабылдаған әрбір заң – қағаз бетіндегі мәтін ғана емес. Ол – ауылдағы мектептің жарығы, жас отбасының үміті, кәсіпкердің сенімі, мемлекеттің ертеңіне салынған іргетасы. Ел тарихында заң қабылдау – техникалық рәсім емес, ұлт тағдырына қатысты шешім болған кезеңдер аз емес. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан дәл осындай сындарлы жолдан өтті. Әр реформа, әр заң қоғамның ішкі сұранысына жауап беруі тиіс болды. Бүгін Парламент қабырғасында қабылданған

заңдар мемлекеттің әділетке бет бұрғанын, биліктің халыққа жақындай түскенін, тәуелсіздіктің жаңа мазмұнға ие болғанын көрсетеді.

Тәуелсіздік жылдары қабылданған заңдар мемлекеттің даму бағытын айқындап, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етті. Алғаш 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң еліміздің дербес даму жолын ашты. Осыдан кейін қабылданған Конституциялар мен заңдар Қазақстанды халықаралық қауымдастық мойындаған құқықтық мемлекетке айналдырды.

Ал, соңғы жылдары, әсіресе 2024–2025 жылдары қабылданған заңдар тәуелсіздіктің жаңа мазмұнын, яғни әділетті, ашық және жауапты мемлекет моделін қалыптастыруға бағытталды. Бұл орайда әрине, Парламентке жүктелетін жауаптылық зор. Бүгінде еліміздің

жоғарғы заң шығарушылық органы осы міндеттердің бәрін қазіргі заманғы заңнамаға енгізіп отыр.

2025 жылы Парламент ел дамуына тікелей әсер ететін бірқатар маңызды заңдарды мақұлдады немесе олардың іргетасын қалады. Бұл жылда қабылданған ең маңызды құқықтық актілердің бірі – «Жасанды интеллект туралы» заң. Бұл құжат алғаш рет ел заңнамасына жасанды интеллекттің (ЖИ) негізгі ұғымдарын, оның қауіпсіздік талаптары мен қолдану қағидаларын енгізеді, сондай-ақ технологиялардың ашықтығы мен деректер қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық жүйені айқындайды. Заңның мақсаты – ЖИ жүйелерін классификациялау мен тәуекел дәрежесіне қарай реттеу. Жоғары тәуекелді технологиялар үшін арнайы бақылау тетіктерін қалыптастыру. Жеке деректерді қорғау сияқты жаңа міндеттемелер енгізу. Өйткені, жасанды интеллект – бұл тек технологиялық құбылыс емес, біздің экономика мен қоғамымыздың жаңа негізі.

Тағы бір маңызды құжат – «ЛГБТ насихатына тыйым салу туралы» заң жобасы. Қоғам тарапынан қызу пікірталас тудырған бұл бастама алғаш рет бірнеше депутаттар атынан жасалды. Заңның мақсаты – БАҚ, интернет және қоғамдық орын-

да «пропаганда» деп бағаланатын материалдарды таратуды шектеу. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде тыйым салынатын контенттерді құқықтық тұрғыда негіздеу. Бұл норма әлеуметте үлкен реакция туғызғанымен, Парламенттің заң шығару жүйесінің тәуелсіздігін көрсеткен жағдай болды.

2025 жылғы тағы бір маңызды құқықтық акт – Республикалық бюджет туралы заңдар пакеті. Бұл құжаттар 2025–2027 жылдарға арналған әлеуметтік және экономикалық бағыттарды белгілеп, халықты әлеуметтік қолдау, инфрақұрылым мен аймақтық даму стратегиясын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Заңдар қашанда болашаққа бағдар беріп, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын құқықтық деңгейде дамыта түседі. Ал, бюджет туралы заңдар пакеті ел тәуелсіздігінің экономикалық тірегі. Бұл құжат арқылы мемлекет әлеуметтік жауапкершілігін нақты көрсетіп отыр.

«Қоғамдық бақылау туралы» заң азаматтардың мемлекеттік шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейтті. Бұл қоғамдық кеңестердің, сарапшылар мен азаматтық сектордың рөлін заң жүзінде күшейту арқылы жүзеге асты. Депутаттардың айтуынша, аталмыш заң тәуел-

сіздіктің демократиялық мазмұнын тереңдеткен құжат болды. Халық пен билік арасындағы сенім заң арқылы осылай бекімек.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға енгізілген өзгерістер мәслихаттардың өкілеттігін кеңейтіп, жергілікті деңгейдегі шешімдердің дербестігін арттырды. Осылайша заң өңірлердің дамуына серпін беріп, «күшті өңір – күшті мемлекет» қағидатын нығайтады деген үміт бар.

Ал, «Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң әлеуметтік әділеттілікті күшейтіп, отбасы институтын қорғауға бағытталды. Мұны тәуелсіз мемлекеттің адамға бағдарланған саясатының көрінісі деуге болады.

Тоқтарын айтқанда, Қазақстан тәуелсіздігі – тарихтың сыйы емес, осылайша заңмен бекіген мемлекеттілік. Егемен ел болудың басты шарты – дербес құқықтық жүйе қалыптастырып, оны уақыт талабына сай үздіксіз жетілдіру. Өйткені, бүгін қабылданған әрбір заң – ертеңгі Қазақстанның бет-бейнесі.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл шаруашылығы – ұлттық қауіпсіздіктің өзегі десек артық айтпаспыз. Өйткені ежелден келе жатқан ата кәсіп қашанда елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, экономиканың тұрақтылығын айқындайтын стратегиялық аса маңызды бар сала болып қала бермек. ХХІ ғасыр жағдайында бұл сала бұрын-соңды болмаған жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр.

Халық санының өсуі, климаттық жағдайлардың өзгеруі, табиғи ресурстардың шектеулілігі және өндіріс тиімділігін арттыру қажеттілігі агроөнеркәсіп кешенін дамытудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарауды талап етіп отыр. Осындай жағдайда ауыл шаруашылығын цифрландыру, яғни заманауи ақпараттық технологияларды іс жүзінде аграрлық өндіріс үдерісіне жүйелі түрде енгізу уақыт талабы ғана емес, стратегиялық міндетке айналғаны рас...

Цифрландыру – аграрлық дамудың жаңа бағыты

Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа кезеңіне аяқ басып келеді. Саланы цифрландыру, сонымен қатар озық отандық және шетелдік тәжірибелерді енгізу бағыты біртіндеп болса да жүзеге асырылып жатыр. Бұл үдеріс аграрлық саясаттың басым бағыттарының біріне айналып, өндірісті ғылыми негізде басқаруға мүмкіндік беретін жаңа құралдармен де толықтырылып жатқанын атап өткен жөн. Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған жүйелі қолдау цифрлық шешімдерді нақты шаруашылықтар деңгейінде сынақтан өткізуге және оларды кеңінен таратуға жол ашып отыр.

Осы мақсатта өткен жылдың соңында Ақмола облысы әкімдігінің ауыл

шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы тарапынан 019 бюджеттік бағдарламасы іске қосылған-ды. Бағдарламаның негізгі мақсаты – агроөнеркәсіп саласында білімді тарату, ғылыми негізделген шешімдерді өндіріске енгізу және заманауи технологияларды нақты өндірістік жағдайларда апробациялау арқылы ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру болды.

Аталған бағдарламаның орындаушысы ретінде А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы бекітілді. Ғылыми мекеме үшін бұл бағдарлама отандық және шетелдік технологияларды жаңа алаңдарда сынақтан өткізіп қана қоймай, ғылыми әлеуетті нақты өндірістік нәтижеге бағыттауға мүмкіндік берді. Ғылымдар үшін бұл өз білімін іс жүзінде дәлелдеудің, ал аграрлық шаруашылықтар үшін ғылыми сүйемелдеудің нақты тетігіне айналды.

Дәлме-дәл егіншілік және қашықтан мониторинг мүмкіндіктері

Бағдарлама шеңберінде 019 бюджеттік бағдарлама аясында дәлме-дәл егіншілік зертханасының мамандарына өсімдіктердің вегетациялық кезеңіндегі өсуі мен дамуын жүйелі түрде бақылау, жаңа агротехнологиялық шешімдерді енгізу жағдайындағы ерекшеліктерді нақты са-

ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР – АГРАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕТІГІ



раптау арқылы анықтау міндеті жүктелді. Бұл жұмыстар қашықтан зондтау әдістері мен ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану арқылы жүзеге асырылып, Ақмола облысының алты бірдей шаруашылығында жүргізілді. Мұндай тәсілдер егістік алқаптарының жай-күйін жедел бағалауға, кеңістіктік деректерді жинақтауға, сонымен қатар басқарушылық шешімдерді ғылыми негізде қабылдауға мүмкіндік берді.

Жүргізілген мониторингтік жұмыстар барысында ауылдағы қарапайым диқан қауымы үшін аса маңызды бір мәселе анықталды. Көптеген шаруалар бүгінде көпшілікке қолжетімді цифрлық платформалар мен геоақпараттық жүйелердің бар екендігінен, олардың мүмкіндіктері мен

өндірістегі маңызынан мүлде хабарсыз болып шықты. Соның салдарынан цифрлық технологиялар әлеуеті толық пайдаланылмай келген. Осыған байланысты ғылыми қызметкерлер үшін ақпараттандыру, түсіндіру және цифрлық құралдарды тәжірибе барысында қолдану жолдарын көрсетуге барынша назар аударылды.

Қазіргі таңда әрбір шаруашылық иесі үшін ашық әрі қолжетімді платформалар арқылы қар жамылғысының жиналуын, оның тығыздығын және табиғи құбылыстардың динамикасын бақылау мүмкіндіктері бар. Мәселен, windy.com платформасы қар жамылғысының тереңдігі мен тығыздығын көрнекі түрде көрсетіп, таңдалған аумақ бойынша өнімді ылғал қорын

есептеуге жағдай жасалады. Мұндай мәліметтер қар тоқтату шараларын жоспарлауда, көктемгі ылғал қорын бағалауда және агротехникалық шешімдерді уақытылы қабылдауда аса маңызды.

Шаруашылық аумағын ұтымды жоспарлау үшін GeoMixer платформасының да маңызы ерекше. Бұл ресурс жер бедерін, биіктік айырмасын және өңірлерді анықтауға мүмкіндік береді. Аталған деректер бейімделген ландшафтық егіншілік жүйесін енгізуге, топырақ эрозиясының алдын алуға және ең бастысы қолда бар егістік алқаптарды тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Мұндай тәсілдер табиғи ерекшеліктерді ескере отырып, өндірістің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Спутниктік деректер – егістік жағдайын бағалаудың жаңа көзі

Ағалық спутниктік деректерді пайдаланатын LandViewer платформасы егістік алқаптарының жай-күйін кең ауқымда талдауға мүмкіндік береді. Бұл платформа арқылы егістіктерді көрінетін спектрде және NDVI сияқты спектралдық индекс-

тер арқылы бағалау жүзеге асырылады. Спектралдық талдау арқылы өсімдіктердің физиологиялық жағдайын, олардың даму деңгейін және алқап ішіндегі айырмашылықтарды түгелдей анықтауға болады.

Мәселен LandViewer құралдары егістік алқаптарын өсімдіктердің жағдайына қарай кластерлеуге, әрбір мекеме аймағының нақты көлемін белгілеуге жол ашты. Ал уақыттық қатарларды талдау өткен жылдардағы өнімділік деректері болған жағдайда болашақ өнімділік болжауға жол ашады. Бұл өз кезегінде диқан қауымына шығындарды оңтайландыруға және ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған цифрлық құралдар ауыл шаруашылығын цифрландыру мүмкіндіктерінің тек бір бөлігі ғана. Дегенмен бұл мысалдардың өзі цифрлық технологиялардың қымбат немесе қолжетімсіз емес екенін, керісінше дұрыс ақпарат пен әдістемелік сүйемелдеу болған жағдайда кез келген шаруашылық пайдалана алатынын айқын көрсетеді. Уақыт өте келе бұл бағыттағы бәсеке күшейіп, қолжетімді әрі ашық цифрлық сервистердің саны арта түсетіні сөзсіз.

Р.С. Тұтастай алғанда, ауыл шаруашылығын цифрландыру – сөнге айналған ұғым емес, өндірістің тиімділігін арттыратын, саланың тұрақтылығын қамтамасыз ететін және оның бәсекеге қабілеттілігін күшейтетін нақты құрал. Өйткені, цифрлық технологияларды енгізу – аграрлық сектордың болашағына салынған инвестиция. Ол тек өндіріс тәсілдерін ғана емес, ауыл шаруашылығын жүргізудің философиясын түбегейлі өзгертуге қабілетті.

Бахтияр ЖАНЗАКОВ,
PhD, «А.И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС-нің дәлме-дәл егіншілік зертханасының меңгерушісі

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана
Тапсырыс №9190 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31